



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЖОЛ АЗАБЫН ЖҮРГЕН БІЛЕР

КӨКШЕТАУЛЫҚТАР САЯЖАЙЛАРЫНА ЖЕТЕ АЛМАЙ ОТЫР



Тамылжыған жазда, әсіресе шілденің шілінгір ыстығында қала жұрты қысқы азық-түлік қорын жинау үшін саяжайға асығады. Тырбанып жүріп тіршілік етіп, жаз бойы саяжайларында болатын көкшелік тұрғындардың да қатары қалың. Бірі онда көкөніс егіп, қысқы азығын қамдаса, енді бірі зейнеткерлік жасында таза ауада уақыт өткізеді. Шаһарда, әсіресе соңғы жылдары әлеуметтік-экономикалық ахуал күрделенген соң саяжайға алған жерлерінде баспана салып, қаладан шеткері болса да тұрып жатқандар да баршылық. Алайда, қоғамдық көліктердің дұрыс қатынамауы әрі жолдардың жырым-жырым болып жатқаны саяжай иелеріне жылдар бойы зор қиындық туғызып келеді.

(Жалғасы 3-бетте)



ПАЙЫМ

ТІЛДІҢ ӨМІР СҮРУІНІҢ ЖАЛҒЫЗ
КЕПІЛІ – ШЫНАЙЫ ҚАЖЕТТІЛІК

Конституциялық реформалар өтіп, Ата Заңымызға мемлекеттік тілдің басымдығы туралы нақты баптар енгізілді. Бұл заң жүзіндегі үлкен жеңіс, егемендігіміздің құқықтық тірегі екені даусыз. Бірақ шыны керек, тек заңның бабын өзгертумен немесе тілге биік мәртебе берумен ғана іс бітпейді. Күнделікті сот залында ондаған адамның тағдырын, арыз-шағымын қарап отырғанда бір нәрсені анық түсінемін: кез келген заңның құдіреті оның қағазда қалай жазылғанында емес, өмірде қалай қолданылатынында.

Бүгінде сот жүйесінде азаматтардың құқығын қорғау үшін барлық жағдай жасалған. Арыз қай тілде түссе, сот процесі де дәл сол тілде өтеді, тіпті қажет болса мемлекет есебінен аудармашы да беріледі. Алайда, біздегі түйткілді мәселе – ресми құжаттардың, келісімшарттардың тілі. Олардың көбі әлі күнге дейін орыс тілінен қазақшаға сөзбе-сөз, калькамен аударылады. Одан шыққан мәтінді оқып отырып, қарапайым адам түгелі заңгер де ештеңе түсінбей басы қатады. Сосын амалсыз орысша нұсқасына жүгінеді. Міне, тілдің өз жерінде өгей болып, қолданыстан шеттеуі осындай сапасыз аудармалар мен салғырттықтан басталады. Егер біз мемлекеттік қызметте, сотта, кеңседе құрғақ аудармадан арылып, заңды тұрғыдан сауатты, түсінікті қазақ тілді мазмұн қалыптастырмасақ, заңның басымдығы тек қағаз жүзінде қала бермек.

Мәселе тілдің құқығында емес,

оны қолданатын біздің сауаттылығымыз бен жауапкершілігімізде болып тұр. Тілді тірі ағза десек, оның өмір сүруінің жалғыз кепілі



– шынайы қажеттілік. Біз «тілді дамыту керек» деп айтамыз, бірақ қарапайым өмірде соған сай әрекет етеміз бе? Кез келген мекемеге барғанда қызметтің қазақ тіліндегі нұсқасын батыл талап етуді әдетке айналдыруымыз керек. Сұраныс жоқ жерде сапалы қызмет те, сауатты маман да тумайды. Қазір қа-

рап отырсақ, қоғамда жақсы үрдіс бар: қазақ тілді балабақшалар мен мектептер көбейіп жатыр, жастардың ана тіліне деген көзқарасы мүлдем бөлек. Мәселен, қазақ тілінде ән айтатын жас музыканттардың он мыңдаған стадионды лық толтыруы – бұл ешқандай үгіт-насихатсыз-ақ тілдің табиғи түрде сұранысқа ие болып жатқанын көрсетеді. Жастар тілді ресми шеңберден шығарып, оны сәнге, шынайы махаббатқа айналдыра білді. Ендігі кезекте осы қарқынды ресми, құқықтық деңгейге көшіруіміз керек. Тарихқа қарасақ, ең алдымен тілін жоғалтып, артынша мемлекеттігінен айырылған ұлттар аз емес. Тіл – бұл жай ғана қарым-қатынас құралы емес, бұл біздің ұлттық қауіпсіздігіміз бен ертеңгі болашағымыз. Тілді күштеп емес, оған деген шынайы қажеттілікті ояту арқылы ғана биікке шығара аламыз. Әрқайсысымыз өз ісінде, өз жұмыс орнымызда мемлекеттік тілдің сапасын арттыруға атсалыссақ, Ата Заңда жазылған басымдық өмірдің бұлжымас заңына айналады. Бұл – науқандық шара емес, егемен еліміздің ертеңіне деген перзенттік парызымыз.

Гульмира ИЗБАСАРОВА,
Ақтөбе қалалық
сотының судьясы



ДЕРЕКС ПЕН ДӘЙЕК

Ұлттық статистика бюросы, 2026 жылғы сәуір-мамыр айларында жүргізілген халықтың құқық қорғау органдары мен сот жүйесіне сенімділік деңгейін зерттеудің нәтижесін жариялады. Былтырғы сөйкес кезеңмен салыстырғанда халық сенімі – өртке қарсы қызметке 79,9-дан 85,6 пайызға; полицияға 64,4-тен 72,2 пайызға; прокуратураға 65,2-ден 70,1 пайызға; сот жүйесіне 60,5-тен 69,7 пайызға; сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке 51-ден 57 пайызға; экономикалық тергеу қызметіне 47,2-ден 53,7 пайызға өскен.

ХАЛЫҚ СЕНІМІНЕН БИІК
МӘРЕ ЖОҚ

Дүниежүзілік әділет жобасының (WJP) соңғы 2025 жылғы 28 қазанда жарияланған Заң үстемдігі индексі бойынша Қазақстан жаһандық деңгейдегі 143 елдің ішінде – 66, ал Шығыс Еуропа және Орталық Азия аймағындағы 15 мемлекеттің арасында 5-орыннан көрінген еді. Егер заң үстемдігі әлем елдерінде алдыңғы жылмен салыстырғанда 57-ден 68 пайызға дейін төмендегенін еске алатын болсақ Қазақстандағы халық сенімінің өсуін көңіл жұбатарлық көрсеткіш деуге болады. Қазақстандық құқық қорғау органдары мен сот жүйесінің алдында тұрған ендігі басты міндет ішінара сенетіндердің сенімін арттырып, әлі де күмәнданатын, сенбейтін және жауап беруге қиналатындардың үлесін әлі де азайту болмақ. Өйткені ішінара сенетіндердің үлесі қазір өртке қарсы қызметте – 12,4 %, сот жүйесінде – 22,7 %, полицияда – 22,9%, прокуратурада – 23,8%, экономикалық тергеу қызметінде – 25,2%, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметте – 26,9 % болып отыр.

Сотқа сенбейтіндер - сот жұмысын
білмейтіндер

Зерттеу кезінде сот жүйесінің органдарына сенбеу себептерін респонденттердің 25,5 пайызы бұл құрылыммен ешқашан кездескен емесінен деп көрсеткен. Олардың өздерімен ешқашан кездеспей тұрып, қызметіне сенімсіздік тудыруына не түрткі болып отырғанын анықтау сот жүйесі органдары үшін бүгінгі күннің басты мәселесі болуы тиіс. Өйткені, сауалнамаға қатысқандардың 23,7 пайызы судьялар атқарушы билік пен құқық қорғау органдарына тәуелді десе 22,8 пайызы оларды сыбайлас деп санайтынын, ал 19,2 пайызы судьялардың кәсібилік деңгейі төмен деген пікір қалдырған. 13,1 пайызы бұдан бұрын кездестік және оң нәтиже болмады десе, 10,6 пайызы өздерінің бұл көзқарасына бұқаралық ақпарат құралдарының (БАҚ) мәліметтері түрткі болғанын айтса, 10,5 пайызы судьялардың сот тәжірибесіне күмән келтірген. Сондай-ақ 7,6 пайызы сот органдарына қорқыныш сезімінің барын айтқан.

(Жалғасы 3-бетте)

2-БЕТ



Құрылтай сайлауы
және құқықтық
мемлекеттің жаңа
белесі

5-БЕТ



Халықаралық
әріптестік —
инновациялық
экожүйенің өзегі

6-БЕТ



Тұрақтандыру қоры
сиыр еті бағасын
қолжетімді жасамақ

САРАП

Халқымыз азаттық пен елдіктің ең жауапты сәттерінде, мемлекет тағдыры таразыға түскен сындарлы шақтарда Ұлы Құрылтай шақырып, елдік мәселелерді алқалы жиында шешкен. Бабалар салған осы бір сұңғыла дәстүр заманауи парламенттік институт ретінде қайта жаңғырып, мемлекеттік басқару мен ашық диалогтың басты діңгегіне айналып отыр. Бұл ретте үстіміздегі жылдың 23 тамызына тағайындалған Қазақстан Республикасы Құрылтайы депутаттарының сайлауы – еліміздің саяси дамуындағы тарихи оқиға болмақ.

Ата Заңымыз бен «Сайлау туралы» конституциялық заңға сәйкес, биылғы сайлауда Құрылтайдың 145 депутаты толықтай сайланады. Сайлау жанар-тылған заңнамаға сәйкес, біртұтас жалпұдлттық сайлау округі бойынша пропорционалды жүйемен (партилық тізімдер арқылы) өтеді. Саяси партияларға сайлауалды науқанға, өз бағдарламаларын жаңартуға және кандидаттар тізімін әзірлеуге ұзақ мерзім берілді. Тізімдерде әйелдер, жастар мен ерекше қажеттілігі бар жандарға арналған 30 пайыздық заңды квота қатаң сақталып отыр.

Кез келген саяси институт сияқты, Құрылтайдың да, оның сайлауының да негізі – Конституция. Ата Заңымыздың 3-бабында: «Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық» деп нақты белгіленген. Халық өзінің билігін тікелей де, өзі сайлаған өкілдері арқылы да жүзеге асырады. Осы орайда Құрылтай – халық билігінің ең жоғарғы өкілетті заң шығарушы органы болып табылады.

Егер бұған дейінгі консультативтік-кеңесші сипаттағы жиындарда негізінен идеологиялық бағыттар мен қоғамдық бастамалар талқыланса, бұл

жолғы сайлау арқылы қалыптасатын Құрылтай – толыққанды конституциялық заң шығарушы билік органы. Бұрынғылардан басты айырмашылығы – мұнда халық тікелей дауыс беру арқылы заң шығарушы өкілдерін өзі таңдайды және сайланған депутаттар мемлекеттік маңызы бар шешімдерді қабылдауға тікелей жауапты болады. Сондықтан, құрылтайда белсенділік танытып, дауыс берудің маңызы зор.

Жалпы, жоғарғы өкілетті органның сайлануы сот жүйесінің тәуелсіздігі мен әділдігін нығайтуға тура ықпал етеді. Себебі, жаңа конституциялық ережелерге сәйкес, Құрылтай Жоғарғы Сот судьяларын сайлау және лауазымынан босату, сондай-ақ Конституциялық Сот судьяларын бекіту сияқты аса маңызды конституциялық өкілеттіктерді жүзеге асырады. Бұл сот жүйесіне ең білікті, таза өкілдердің келуін және сот тәуелсіздігінің ашық әрі демократиялық жолмен бекітілуін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, Құрылтай қабылдайтын заңдар сот практикасының негізіне айналады. Әділ әрі ашық сайланған өкілетті орган сапалы заңдар шығарғанда, соттарда азаматтардың құқығын қорғау деңгейі де артады.

ҚҰРЫЛТАЙ САЙЛАУЫ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТТІҢ ЖАҢА БЕЛЕСІ



Сайлау – әрбір азаматтың ел болашағын айқындауға қосқан тікелей үлесі. Сондықтан азаматтардың сайлауға белсене қатысуы сайланатын Құрылтайдың халық алдындағы беделі мен заңдылығын қамтамасыз етеді. Дауыс беру арқылы халық елдегі реформалар бағытына өз бағасын береді және өздерінің мүдделерін қорғайтын саяси күштерді заң шығару алаңына шығарады.

Алдағы Құрылтай депутаттарының

сайлауы – құқықтық мемлекет құру жолындағы басты сынақ пен мүмкіндік. Конституциямызда атап өтілгендей, Адам және оның құқықтары – ең қымбат қазына. Ал сол құқықтарды қорғайтын әділ заңдар мен әділ сот жүйесінің қалыптасуы бүгінгі азаматтық тандауымыз бен жауапкершілігімізге тікелей байланысты.

Қазақ даласындағы Ұлы Құрылтайлар – жай ғана басқосу немесе салтанатты жиын емес, ғасырлар бойы

қалыптасқан далалық конституционализм мен заң шығарушы ең жоғарғы орган қызметін атқарды. Бабаларымыз мемлекеттіктің іргесін бекітіп, заң нормаларын қабылдауда Құрылтайдың заңдық әрі құқықтық күшіне сүйенген. Қай кезде де дәстүрлі құрылтайдың басты тұғыры – әділеттілік пен халық үніне құлақ асу болды. Байырғы құрылтайлардың құқықтық жүйесі бүгінгі конституциялық қағидаттармен тікелей астасып жатыр.

Ұлы дала тарихына көз жүгіртсек, Құрылтай – қазақ халқының мемлекеттілік пен заңдылықты сақтау жолындағы ең жоғарғы демократиялық институты болғанын көреміз. Тәуке ханның «Жеті жарғысы» да, Ордабасыдағы елдік шешімдер де осы Құрылтайдың заңдық күшімен өмірге келді. Кешегі билер соты мен дала құрылтайындағы «Ата Заңға» адалдық, биліктің ашықтығы мен әділдігі – бүгінгі жанарған Құрылтай мен сот-құқық реформаларының да түп қазығы болып табылады деп сенеміз. Тарих пен заманауи құқықтың бұл сабақтастығы – Әділетті Қазақстанды құрудың берік кепілі.

Ануар ДАУРЕШОВ,
Атырау облыстық сотының судьясы

ЗАҢ ЖӘНЕ ЗАМАН

Тың реформалар сот жүйесіне серпін берді

Сот – мемлекет қауіпсіздігінің, азаматтар құқығы мен бостандығының, заң үстемдігінің айнасы. Сот жүйесінде жиі реформалардың қолға алынып, жаңа бастамалардың үнемі жүзеге асырылатыны сондықтан. Жылдар бойы жасалған ізденістердің, есәлі еңбектің нәтижесі де жоғары. Мұны Ұлттық статистика бюросының мәліметі де растайды. Осы бюроның тұжырымынша соттарға деген халықтың сенім деңгейі 2023 жылы 55,2% болса, былтыр айтарлықтай өсіп 63,2%-ға жеткен. Бұл жай ғана көрсеткіш емес. Санаулы уақыт ішінде халықтың сотқа деген сенімінің нығаюына заңнамаларды жетілдіру, сот жұмысын жандандыру, судьяларға қойылатын талапты күшейту, сотқа деген қолжетімділікті арттырып, жаңа технология мүмкіндіктерін тиімді пайдалану бойынша атқарылған ауқымды реформалардың түрткі болғаны анық.

Қазақстандық соттағы соны жанашылдықтар дегенде ең бірінші еске түсетіні – жаңа Конституциядағы кепілдіктер мен жаңа кассациялық соттардың дербес моделі. Ата Заңымыз ең биік құқықтық ұстаным, қағидаттарымн құнды. Ал Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен енгізілген кассациялық соттар халық қалауының нәтижесі. Міне, Президент тапсырмасына сай қолға алынған жаңа реформаға да бір жыл болды. Осы бір жылғы жұмыс қорытындысының өзі бұл бастаманың дұрыстығын, үш кассациялық сот та ел үдесінен шыққанын айғақтап берді.

Сонымен қатар, заңдарды қоғам қажеттілігіне сай толықтыру, лайықты өзгертулер енгізу де күн тәртібінен түспей келеді. Мысалы, соңғы заңнамалық өзгерістерге орай тұрмыстың зорлық-зомбылыққа байланысты жауаптылық қатайтылып, әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін қоғамдық жұмысқа тарту тетіктері кеңейтілді. Қоғамдық жұмысқа тарту – әкімшілік жазаның жаңа түрі. Мұндай мәжбүрлі әкімшілік жазаны енгізудегі негізгі мақсат құқық бұзушыны жұмысынан немесе оқуынан бос уақытында ақысыз, қоғамдық пайдалы еңбекке тарту арқылы тәрбиелеуге бағытталған. Қоғамдық жұмыстың мерзімі 10 сағаттан 300 сағатқа дейін белгіленіп, күніне 4 сағаттан артық емес уақыт ішінде орындалуы керек. Азаматтардың қалауын ескере отырып тағайындалатын бұл жаза құқық бұзушыны қаржылық қиындықтан құтқарып, өз кәтелігінен сабақ алуға көмектесетінін де ұмытпайық.

Сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық бойынша жаза тағайындауда ескерілер жаңашылдық аз

емес. Айталық бүгінде кәсіпкерлік қызметті қорғау мақсатында инвесторларға қатысты әкімшілік істер прокурордың алдын ала келісімінсіз басталмайтынын атап өткен жөн. Бұған қоса кейбір ұсақ бұзушылықтар үшін айыппұл салудың орнына тек «ескерту» беру тетіктерінің қарастырылуы ізгілендіру механизмінің кеңейгенін көрсетеді.

Жаңашылдықтардың ішіндегі ең елеулісі – әкімшілік рақымшылық десек қателеспейміз. Олай дейтініміз біздің елімізде алғаш рет әкімшілік істер бойынша жауапқа тартылған азаматтарға рақымшылық жасалып отыр. Бұған дейінгі рақымшылықтар тек қылмыстық істер жасағандарға қолданылып келгені белгілі. Мемлекетіміздің ізгілік қағидаттарына негізделген кезекті гуманитарлық актісінің қоғам үшін орны бөлек.

Жаңа Конституцияның қолданысқа енуіне байланысты қолға алынған рақымшылық аясында қылмыстық теріс қылық жасағандар, онша ауыр емес қылмыстар үшін сотталғандар, залал келтірмеген немесе келтірілген залалды толық өтеген орташа ауырлықтағы қылмыс жасағандар жазадан босатылуы мүмкін. Сондай-ақ осы рақымшылық аясында әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін салынған айыппұлдар кешірілмек. Бұл мүмкіндікті Қазақстан азаматтары, соның ішінде жеке кәсіпкерлер, жеке нотариустар, жеке сот орындаушылары, адвокаттар, заң консультанттары қолдана алады. Дегенмен, соттардың шешімімен салынған айыппұлдарға, азаматтардың қауіпсіздігіне қатер төндіретін құқық бұзушылықтарға, мемлекеттік қауіпсіздікке нұқсан келтіретін әрекеттер үшін салынған айыппұл-



Айгүл АБЛАЕВА,
Қызылорда қаласы әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының судьясы

дарға рақымшылық жасалмайды.

Әкімшілік амнистия кезінде адам саны емес, айыппұл саны есепке алынады. Алдын ала есеп бойынша 1 миллионнан астам айыппұл кешірілмек. Ол үшін ешқандай өтініш жазудың қажеті жоқ. Барлығы автоматты түрде жүзеге асады. Мемлекет осылайша жылдар бойы қордаланған берешектің салдарынан шоты бұғатталып, түрлі кештеуге тап болған азаматтарға жаңа мүмкіндік бермек.

Қазақстандық соттағы сандық технология, жасанды интеллект, робот-техника мүмкіндіктерін ескере отырып енгізілген жаңашылдықтардың тиімділігін халық көріп келеді. Бүгінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау процесінде цифрландыру мен «ақылды» жүйелер белсенді енгізілуде. Ереже бұзушылықтарды тіркеу, айыппұл салу және құжаттарды рәсімдеу процестері автоматтандырылып, уақытты айтарлықтай үнемдеуге жол ашылды. Соттағы жаңа технология жетістіктерін пайдалана отырып азаматтар әкімшілік істер бойынша өз құқықтары мен айыппұлдарын Электрондық үкімет порталынан онлайн бақылай алады.

Мұндай ілкімді істер алдағы уақытта да жалғасын таба бермек. Халқы сотына сенетін мемлекет қалыптастыруда жаңа реформаларды сапалы жүзеге асырудың пайдасы зор болмақ.

МЕЖЕ

Мемлекеттік қызметтің мәртебесі қандай биік болса, жауаптылығы да сондай жоғары. Сондықтан да мемлекеттік қызметтің ұйымдастырылуы мен сапалы атқарылуына ғана емес, ондағы қызметкерлердің білімі мен білігіне, әдебі мен адалдығына да ерекше назар аударылады. Мемлекеттік қызметкерге өз саласын жетік біліп, кәсіби шеберлігін шыңдаумен шектелу аздық етеді. Шығыс шайыры Махмұд Қашқаридың «Кісілік пен кішілік – ұлылықтың белгісі» деген тағылымды сөзі бар. Сол айтпақшы, әрбір мемлекеттік қызметкер ең әуелі әдептілік өліппесін жетік меңгеріп, кісілік пен кішілік танытқанда ғана ел сеніміне ие болады. Өйткені, мемлекеттік қызметке деген сенім мен жағымды көзқарас мемлекеттік қызметкерлердің азаматтармен қалай қарым-қатынас жасап, оңтайлы диалог құра білуіне тікелей байланысты.

Мәртебелі қызметтің жауаптылығы да жоғары

Сот қызметкерлеріне қойылатын талап та бір сәт кеміген емес. Үшінші билікке деген алғашқы әсер осы сот қызметкерлерінің азаматтарды қалай жылы қарыммен қабылдап, сабырмен тыңдау мәдениетіне, сөйлеу шеберлігіне қарай орнығатындықтан, ең алдымен «Мемлекеттік қызметшілердің әдеп кодексі» басты бағдарға айналып отыр. Француз жазушысы Жан-Жак Руссо айтқандай

«Шынайы сыпайыгершілік адамдарға тілектестікпен қараудан тұратынын» әрбір қызметкер жадында ұстауы шарт.

Әдеп – көптеген игі қасиеттердің жиынтығы. Бір ғана жылы ілтипат, жақсы қарым-қатынаспен әдепті меңгердім деу қате. Мемлекеттік қызметкердің әрбір қадамынан мемлекет мүддесіне деген адалдық пен жанашырлық білініп тұруы тиіс. Қызметкер халқының бірлігі мен елдегі ұлтаралық келісімді нығайтуға ықпал ете отырып, мемлекеттік тіл мен басқа тілдерге, Қазақстан халқының дәстүрлері мен ғұрыптарына құрметпен қараудың үлгісіне айналғаны дұрыс.

Мемлекеттің айнасы болғандықтан, қызметкерлер заңды жетік біліп, заң талаптарын сақтауы маңызды. Бір қызметкердің теріс әрекеті бүкіл мемлекеттік құрылымның беделіне нұқсан келтіретіні ақиқат. «Бір қарын майды бір құмалақ шірітеді» демекші, бір ойсыз әрекет тұтас құрылымның беделіне нұқсан келтірмеуі үшін мемлекеттік қызметкерлердің адами, кәсіби тұрғыдан кемелденуіне көмектескен артықтық етпейді. Мұндайда Сот әкімшілігі тарапынан ұйымдастырылатын түрлі дәрістер мен семинар, тренингтердің ықпалы зор. Тұрақты түрде өтетін шаралар мемлекеттік қызметкерлердің азаматтармен қалай тілдесіп, сұрақтарына қысқа да нұсқа жауап беруге үйретуден бастап, қыйтырқы әрекеттерге қарсы тұру, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу имунитетін нығайтуға жол ашады.

Мемлекеттік қызметке бүкіл саналы

ғұмырын арнаған аға-апаларымыздың тәлімгерлік дәрістерінің де берері мол. Себебі, тәжірибесі бай, өмірден көрген-түйгені мол қызметкерлер әдептілік нормаларын сақтаудың негізгі әдістерін жақсы біледі. Сондықтан да олардың оқыған дәрісі, берген ақыл-кеңесі аса пайдалы.

Ұжым арасында сенімгерлік атмосферасын нығайтып, командалық рухты орнықтырудың да игілігі ұшан-теңіз. Мұндай өзара ынтымақты байланыс қызметкерлердің бір-бірін жетілдіріп, бірі білмегенді екіншісінің үйретуіне, біріннің кәтелігін басқалардың толықтыруына мүмкіндік береді. Осы мақсатта сот қызметкерлері арасында түрлі байқаулар, өнер, білім, спорт сайыстары жиі өтіп тұрады. Бұл мемлекеттік қызметте өзара қарым-қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға, сондай-ақ мемлекеттік қызметшілердің әдепсіз мінез-құлық жағдайларының алдын алуға көмектеседі.

Мемлекеттік қызметкер үшін адалдық, әділдік, ашықтық, сыпайылық басты орында. Әсіресе басты тұтынушысы – халыққа қызмет барысында этика нормаларын мінсіз сақтау аса өзекті. Мемлекеттік қызметкер қызмет сапасын арттыруға басымдық беріп, азаматтарды әуре-сарсаңға салуға жол бермеу керек. Халыққа жанашырлықтың артында өз қызметіне деген шынайы сүйіспеншілік пен өз міндетіне деген адалдық қатар тұруы тиіс. Сондай-ақ қарапайым болу, моральдық-әдептілік нормаларын сақтау, шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратпау; мүдделер қақтығысын болдырмау, бей-әдеп әрекеттерге жол бермеу, іскерлік әдеп пен ресми мінез-құлық қағидаларын сақтау да мемлекеттік қызметкердің басты бағдарына айналған.

Меруерт РАТОВА,
Алматы қаласы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының Сот әкімшісі басшысы



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЖОЛ АЗАБЫН ЖҮРГЕН БІЛЕР

КӨКШЕТАУЛЫҚТАР САЯЖАЙЛАРЫНА ЖЕТЕ АЛМАЙ ОТЫР

(Соңы. Басы 1-бетте)

Әсіресе, облыс орталығының Зеренді тасжолы бойындағы саяжай алқаптарында тұратын және қатынайтын тұрғындардың бүгінгі ахуалы алаңдатарлық күйге жеткен. Мәселе тек шұрық-тесік жолда емес. Бұл – тұрғындардың қауіпсіз жүріп-тұру құқығы, қоғамдық көлікке қолжетімділігі және жергілікті атқарушы органдардың инфрақұрылымды жоспарлау жауапкершілігіне қатысты болып тұр.

Саяжай иелерін сарыуайымға салдырған жағдай – тұрақты қатынайтын автобустың қозғалыс бағытының қысқаруы. Тұрғындарға 10 шілдеден бастап қоғамдық көлік саяжай ішіне кірмей, тек Зеренді тасжолындағы аялдамаға дейін ғана қатынайтыны хабарланған. Автобус салондарына ілінген хабарландырулардан кейін жұрттың алаңдауы тіпті күшейе түскен. Енді әркім өз саяжайына дейін екі шақырым, кейбірі бес шақырымға дейінгі қашықтықты жаяу жүріп еңсеруге мәжбүр.

Автобус бағытының өзгеруіне саяжай ішіндегі жолдардың әбден тозуы себеп болыпты. Жүргізушілердің айтуынша, биылғы маусымның өзінде бірнеше автобус ойдым-ойдым жолдың кесірінен техникалық зақым алған. Әрине, қоғамдық көліктің қауіпсіздігі де маңызды. Бірақ мәселенің екінші жағы да бар. Бұл жолмен күн сайын жүздеген тұрғын қатынайды.

Солардың бірі – Анна Каюкова. Оның айтуынша, саяжайда 75 жастағы анасы

мен 78 жастағы әкесі тұрақты тұрады. Аялдамадан үйлеріне дейін шамамен екі шақырым. Мұндай қашықтықты егде жастағы адамдардың күн сайын жаяу еңсеруі аса қиын. Оның үстіне саяжай пайдаланушыларының басым бөлігі егде жасқа жеткен зейнеткерлер. Де-



мек қоғамдық көліктің саяжайға кірмеуі ең алдымен әлеуметтік тұрғыдан әлсіз топқа аса ауыр соққы болмақ. Жолдың нашарлығы тек автобуска ғана қиындық туғызып қоймаған. Жеке көлікпен қатынайтын тұрғындардың өздері де кей тұстарда жүруге қауіптенеді. Көшелерде ойдым-ойдым ойықтар мен бұзылған асфальт көбейгендіктен көліктердің жүруі қиындаған.

Мұндай жағдай алғаш рет болып отырған жоқ. Мамыр айында да қоғамдық көлік бірнеше күн бойы саяжайға кірмей қойған. Сол кезде қала әкімдігі

жолдағы шұңқырларды уақытша қиыршық тас пен ескі асфальт қалдықтарымен толтырған болған. Алайда күн сайын жауған жаңбырдан кейін қиыршық тас сумен бірге шайылып кетіп, мәселе қайтадан бастапқы «таз» қалпына оралды, – дейді саяжай тұрғындары.

Көкшетау қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі бұл жағдайға қатысты мердігер ұйым «БИКА» серіктестігі бірінші кіреберіс жолға орташа жөндеу жұмыстарын бастап кеткені хабарланған. Алайда, автобустар қатынайтын екінші кіреберіс жолды жөндеуге жергілікті бюджетте қаражат қарастырылмай қалған.

Қазіргі уақытта жауын-шашынның жиі жауғанына байланысты жолдың жекелеген учаскелерінде шұңқырлар пайда болған. Ауа райы жақсарған кезде мерді-

гер ұйым ақауларды жою, қиыршық тас төсеу қайта тегістеу жұмыстарын орындайтын болады, – дейді ведомстводан.

Бірақ тұрғындарды толғандырған мәселе мұнымен шектелмей отыр. Саяжай иелерінің пікірінше, жолдың тез бүлінуіне ауыр жүк көліктері де әсер етіп отыр. Себебі, саяжай алқабының шетінде, қарағайлы орманның ішінде элиталық коттедж қалашығының құрылысы қарқынды жүріп жатыр. Құрылыс материалдарын тасымалдайтын ауыр техникалар күн сайын саяжай жолдарын пайдаланады. Соның салдарынан әлсіз жол жабыны бұрынғыдан да тез бұзыла бастаған. Тұрғындардың айтуынша, қазіргі қарқын өзгермесе, ертең жаңа асфальт төселген күннің өзінде оның ұзаққа шыдауы да екіталай.

Бұл мәселе тағы бір маңызды сұрақты күн тәртібіне шығарды. «Көкше-Ақмола» қалалық бау-бақша коммерциялық емес серіктестігінің тең төрайымы Людмила Булахтың айтуына қарағанда саяжай жерлерінің нысаналы мақсаты – бау-бақша өсіру, көкеңіс шаруашылығы және саяжай құрылысына арналған. Соған қарамастан соңғы жылдары мұнда күрделі тұрғын үйлердің құрылысы қарқын алған. Оның пікірінше, бұл үрдіс жердің мақсатты пайдаланылуына қатысты заң талаптарының сақталуына қатысты заңды сұрақтар туындатады. Бұған қоса жаңа құрылыс үшін ондаған жыл бойы өскен қарағайлардың кесілуі де тұрғындардың алаңдаушылығын күшейтіп отыр.

Бұл жерде мәселе тек экологияда

ғана емес. Егер саяжайлар біртіндеп толыққанды тұрғын ауданға айналып бара жатса, онда оған сәйкес инженерлік инфрақұрылым, жол, қоғамдық көлік, коммуналдық қызмет пен әлеуметтік нысандар да алдын ала жоспарлануы тиіс. Өйткені, қазіргі жағдай көрсеткендей, жолдың көтергіш қабілеті мүлде басқа мақсатқа есептелген, – дейді Людмила Булах.

Жұырта саяжай тұрғындарымен Көкшетау қалалық мәслихаты аппаратының басшысы Берік Мәканов та кездесті. Ол бұл мәселемен толық танысып үлгермегенін айтып, тұрғындардың барлық ұсынысы мен өтінішін қала әкімдігіне жеткізуге уәде берді. Алайда бүгінгі жағдай бір ғана саяжай мәселесі емес екенін анық аңғартады. Бұл – жергілікті инфрақұрылымды жоспарлау, жер пайдалану саясаты, қоғамдық көліктің қолжетімділігі және мемлекеттік органдар арасындағы үйлестірудің тиімділігіне қатысты мәселе.

Егер саяжай алқаптарында халық тұрақты тұрып, мемлекет қоғамдық көлік бағыттарын ұйымдастырып отырса, онда жолдардың техникалық жағдайы да осы талаптарға сай болуы тиіс. Ал егер ауыр жүк көліктерінің қозғалысы жолдың бұзылуына әкеліп отырса, оның салдарын қарапайым тұрғындар тартпауы керек.

Құқықтық мемлекет үшін тұрғынның қоғамдық көлікке қол жеткізуі – жай ғана әлеуметтік қызмет емес, оның Конституциялық құқықтарын қамтамасыз етудің бір көрінісі. Сондықтан бұл мәселе уақытша қиыршық тас төсеумен емес, құқықтық, инженерлік және жоспарлау тұрғысынан кешенді шешім қабылдауды талап етеді. Өйткені бүгін автобус тоқтаған жерде ертең тұрғынның мемлекетке деген сенімі де тоқтап қалмауы тиіс.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы



ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

ХАЛЫҚ СЕНІМІНЕН БИІК МӘРЕ ЖОҚ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Мемлекет басшысы 30 маусымда Парламент палаталарының бірлескен отырысында мемлекеттік биліктің жаңа құрылымын қалыптастыру туралы айтқан кезде: «Елімізде жүргізілген реформалардың ең басты нәтижесі – азаматтардың маңызды мемлекеттік шешімдерді қабылдау үдерісіне қатыса алуы. Халықтың өз ықтиярын тікелей білдіру тетігі отыз жылға жуық уақыт бойы қолданылмай келді. Тек соңғы жылдары ғана саяси тәжірибемізге енді. 2022 жылдан бері ел тағдырына әсер ететін маңызды мәселелер бойынша үш рет жалпыұлттық референдум өтті. Бұл орайда менің ұстанымым бұрынғыдай: елдегі өзгерістердің иесі халық болуға тиіс. Алайда билік нақты бастамалар көтере алады әрі солай болуы керек. Қазірдің өзінде елімізде

жүзеге асырылған реформалар билік институттарының орнықты тежемелік және теңгерім жүйесін қалыптастырды, мемлекеттік басқару сапасын арттырды деп сеніммен айта аламыз. Ал реформалардың басты мақсаты – халықтың әл-ауқатын арттыру, өңір тұрғындарының тұрмыс сапасын жақсарту. Бұл үшін Үкімет, заң шығарушы орган, тұтас қоғам жұмыла еңбек етуі қажет», деген еді. Яғни, құқық қорғау органдары мен сот жүйесіне деген халық сенімін арттыруда қоғам мүшелерінің азаматтық белсенділігі маңызды рөл атқарады. Бұл үшін ешкім ешкімнен, ешқандай органнан қорықпай тек заң мен тәртіпке үміт артып қана қоймай, оған өзі де атсалысуы қажет.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

Қанат ЖҰМАБАЙ, Халықаралық адам құқықтарын қорғау комитетінің Қазақстандағы өкілдігінің кеңесшісі:

– Қазақстанда сот жүйесі мен құқық қорғау органдарына халықтың сенімі – құқықтық мемлекеттің негізгі көрсеткіштерінің бірі. Сенім тек қабылданған заңдардың сапасына ғана емес, олардың әділ әрі біркелкі қолданылуына байланысты.

Халық сенімін қалыптастырудың негізгі жолдары төмендегідей. Соттардың тәуелсіздігін нақты қамтамасыз ету және олардың қызметіне заңсыз араласуға жол бермеу, заң үстемдігі қағидатын қатаң сақтау, барлық азаматтың заң мен сот алдында тең болуын қамтамасыз ету судьялар мен құқық қорғау органдары қызметкерлерінің кәсібилігі мен адалдығын арттыру сот процестерінің ашықтығы мен жариялылығын кеңейту, сот шығарған актілерінің уәжді әрі түсінікті болуын, сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілік қағидатын ұстану және құқық бұзушылық үшін жауапкершіліктің бұлтартпастығын қамтамасыз ету. Азаматтардың арыз-шағымдарын уақытылы әрі объективті қарау. Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің азаматтармен қарым-қатынас мәдениетін жақсарту және адам құқықтарын құрметтеу. Сот шешімдерінің міндетті түрде орындалуын қамтамасыз ету. Сонымен қатар, сот істі қоғамдық пікірге емес, тек Конституцияға, заңға және іс бойынша зерттелген дәлелдемелерге сүйене отырып қарап шешім шығаруы тиіс. Тек заңдылық, әділдік және объективтілік қағидаттары сақталған жағдайда ғана халықтың сот жүйесі мен құқық қорғау органдарына деген сенімі нығаяды. Бұл қағидалар ҚР Конституциясының заң үстемдігі, адам құқықтарын қорғау және сот тәуелсіздігі туралы ережелеріне сәйкес келеді. Олар іс жүзінде толық сақталған сайын азаматтардың мемлекетке және оның құқықтық институттарына деген сенімі де арта түседі. Қорыта айтқанда, сот жүйесіне деген сенім «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» қағидасына сүйеніп адал қызмет ету керек! Халық сеніміне ие болу үшін, құқық қорғау органдарының кез келген қызметкері өзінің ісіне адал болып, ол адам құқықтарының сақшысы және сенімді серігіне айналуды мұрат етіп қызметін атқару қажет.



ҚҰРЫЛТАЙ



ДАУЫС БЕРУ ҚҰҚЫҒЫН БЕРЕТІН ЕСЕПТЕН ШЫҒАРУ КУӘЛІГІ

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді. Қазақстан азаматтары тиісті сайлау учаскелерінің аумағындағы тұрғылықты жері бойынша дауыс береді. Сайлаушы өзінің болатын жерін ауыстырған кезде дауыс беру күніне он бес күн қалғанда немесе 2026 жылғы 7 тамыздан бастап учаскелік сайлау комиссиясына өз өтініші бойынша және жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәлігін ала алады.

Есептен шығару куәліктерін беру дауыс беру күнінен бір күн бұрын, яғни 2026 жылғы 22 тамызда жергілікті уақыт бойынша сағат он сегізде тоқтатылады. Есептен шығару куәлігін сенімхат бойынша алуға рұқсат етіледі. Сенімхатты нотариатта куәландыру талап етілмейді. Есептен шығару куәлігі жоғалған жағдайда ол қалпына келтірілмейді және оның телнұсқасы берілмейді.

Дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәлігі бір елді мекеннің шегіндегі басқа сайлау учаскесінде дауыс беруге қатысқысы келетін сайлаушыларға берілмейді.

Уақытша болатын жері бойынша сайлау учаскесінде дауыс беру кезінде учаскелік сайлау комиссиясы сайлау күні сайлаушыны жеке басын куәландыратын құжаттың негізінде сайлаушылар тізіміне енгізіп, есептен шығару куәлігінің орнына дауыс беруге арналған бюллетень береді.

**Қазақстан Республикасының
Орталық сайлау комиссиясы**

СУХБАТ

«ӘЛЕМДЕ СЕНІМ КАПИТАЛЫНЫҢ МАҢЫЗЫ АРТТЫ»

Соңғы жылдары халықара-лық қатынастар жүйесі бұрын-соңды болмаған өзгерістерді бастан өткеруде. Украинадағы соғыс, Таяу Шығыстағы қақтығыстар, ядролық қауіпсіздік мәселесінің қайта күн тәртібіне шығуы және ірі державалар арасындағы бөсе-көнің күшеюі әлемдік қауіпсіздік архи-тектурасының беріктігіне қатысты көптеген сауал туғызды. Осындай жағдайда Біріккен Ұлттар Ұйымының мүмкіндігі қандай? Орта держава-лардың ықпалы арта ма? Қазақстан-ның көпвекторлы саясаты қазір-гі геосаяси жағдайда қаншалықты өміршен? Осы және өзге де сауал-дарымызға саясаттанушы Талғат ҚАЛИЕВ жауап берген еді.



– Талғат мырза, соңғы жылдары әлемдік қауіпсіздік архитектурасы бұрын-соңды болмаған сын-қатерлерге тап болды. Осы жағдайда Біріккен Ұлттар Ұйымы қазіргі заман талаптарына жауап бере алып отыр ма?

– Біріккен Ұлттар Ұйымы халықаралық қатынастардағы негізгі институттардың бірі болып қала береді және бүгінгі ге-осаяси үдерістерде маңызды рөл атқарады. Дегенмен, қазіргі күр-делі жағдайда оның қолындағы тетіктер қарулы қақтығыстар-дың алдын алу немесе оларды жедел тоқтату үшін жеткілікті деп айту қиын. Мұның басты се-бебі – БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің қазіргі құрылымы. Тұрақты бес мүшенің veto құқығы халықа-ралық шешім қабылдау үдерісі-не тікелей ықпал етеді. Егер осы тұрақты мүшелердің бірі қақтығыстың өзіне қатысушы болса, онда ұйымның әрекет ету мүмкіндігі едәуір шекте-леді. Мұны Ресей мен Украина арасындағы соғыс анық көрсет-ті. Ресей Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты мүшесі ретінде өзіне қатысты шешімдерді бұғаттай

алады. Осындай жағдай басқа ірі державалар қатысатын дағдары-старда да байқалады. Сондықтан халықаралық құқық нормалары сақталғанымен, оларды орын-дататын тиімді саяси тетіктер әрдайым жұмыс істей бермейді.

– Украинадағы соғыс пен Таяу Шығыстағы ахуал ха-лықаралық қауіпсіздік жүйесі-не деген көзқарасты өзгертті. Бұл оқиғалар әлемге қандай сабақ берді?

– Ең үлкен сабақ – қазіргі халықаралық қауіпсіздік жүй-есін жетілдіру қажеттігі. Соңғы оқиғалар мемлекеттердің өз қа-уіпсіздігіне бұрынғыдан өзге-ше қарай бастағанын көрсетті. Әсіресе, ядролық қауіпсіздік мәселесі қайтадан алдыңғы қа-тарға шықты. Украинадағы жағдай қауіпсіздік кепілдік-терінің нақты іске асу тетіктері әрдайым жеткілікті бола бер-мейтінін көрсетті. Бұл, әрине, халықаралық саясаттағы күрделі әрі даулы мәселе. Сонымен қатар мұндай жағдай кейбір техноло-гиялық дамыған мемлекеттерді өз қауіпсіздігі туралы жаңаша ойлануға итермелеуі мүмкін. Егер халықаралық қауіпсіздік

институттарына деген сенім әл-сіресе, ядролық қаруды таратпау режиміне де қысым күшейеді. Сондықтан халықаралық қа-уымдастық үшін осы режимді сақтау бұрынғыдан да маңызды міндетке айналып отыр.

– Қазақстан ядролық қа-рудан бас тартқан мемлекет ретінде әлемге үлгі болды. Қазіргі жағдайда бұл шешімнің тарихи маңызы қалай бағала-нуы тиіс?

– Қазақстан тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында өте жа-уапты әрі стратегиялық шешім қабылдады. Бұл қадам еліміздің халықаралық беделін арттырып, антиядролық қозғалыстың көш-басшыларының біріне айналуына мүмкіндік берді.Сонымен бірге қазіргі халықаралық ахуал бұл тақырыпқа қатысты жаңа пікір-таластардың пайда болуына себеп болды. Сондықтан Қазақстанның тәжірибесі ядролық қарудан бас тарту ғана емес, халықаралық сенім мен қауіпсіздік кепілдік-терінің тиімділігін күшейту қа-жеттігін де көрсететін маңызды мысал болып қала береді.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

ЭТИКА НОРМАЛАРЫ

ӘДЕП ҚАҒИДАЛАРЫН САҚТАУ – ҚОҒАМ ТАЛАБЫ

Мемлекеттік қызмет – халыққа адал қызмет ету-ге негізделген ерекше жауапкершілігі жоғары сала. Мемлекеттік қызметшінің кәсіби қызметі тек заң талаптарын мүлтіксіз орындаумен ғана шектелмейді. Оның мінез-құлқы, азаматтармен қарым-қатынасы, өріптестерімен өзара іс-қимылы, қызметтен тыс уақыт-тағы жүріс-тұрысы да мемлекеттік қызметтің беделіне тікелей әсер етеді. Сондықтан мемлекеттік қызметте қызметтік әдепті сақтау – әрбір мемлекеттік қызметші үшін басты міндеттердің бірі.

Бүгінде қоғам мемлекеттік органдардың жұмысына жоғары талап қояды. Азаматтар мемле-кеттік қызметшіден кәсібилікті ғана емес, сондай-ақ әділдікті, ашықтықты, сыпайылықты, жау-апкершілікті және адамгершілік қасиеттерді күтеді. Осы тұрғы-дан алғанда, Әдеп кодексінің та-лаптарын сақтау мемлекеттік, аппараттың тиімділігі мен ха-лықтың мемлекеттік органдарға деген сенімін нығайтудың маңы-зды тетігі болып табылады.

Қазақстанның мемлекеттік қызметшілеріне арналған Әдеп кодексі мемлекеттік қызмет-шілердің мінез-құлқының негізгі стандарттарын белгілейді. Ко-декстің негізгі мақсаты – мем-лекеттік қызметтің беделін ар-тыру, қоғам тарапынан сенімді күшейту, мемлекеттік қызмет-шілердің жоғары адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу.

Мемлекеттік қызметші өз қызметінде заңдылық, әділдік, адалдық, бейтараптық, ашықтық және кәсібилік қағидаттарын басшылыққа алуы тиіс. Қызмет-тік міндеттерді орындау кезінде азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін құрметтеу, әр-

бір адамға тең қарау, қызметтік өкілеттіктерді жеке мүддесіне пайдаланбау – мемлекеттік қыз-меттің негізгі қағидаларының бірі.

Әдеп нормаларын сақтау тек жұмыс уақытында ғана емес, қыз-меттен тыс уақытта да маңы-зды. Мемлекеттік қызметші өзінің іс-әрекетімен мемлекеттік қызметтің беделіне нұқсан кел-тірмеуге, қоғамда заңға құрмет пен жауапкершілік мәдениетін қалыптастыруға үлес қосуы қа-жет. Себебі әрбір мемлекеттік қызметшінің мінез-құлқы мем-лекеттік органның жалпы бе-деліне ықпал етеді.

Қызметтік әдепті сақтау ұжымдағы моральдық-психоло-гиялық ахуалдың қолайлы бо-луына да әсер етеді. Өзара сый-ластық, кәсіби қарым-қатынас, әріптестердің пікіріне құрметпен қарау, қызметтік мәселелерді мәдениетті түрде шешу – тиімді әрі нәтижелі жұмыстың кепілі. Ұжымдағы салауатты ахуал қыз-меткерлердің еңбек өнімділігін арттырып, ортақ мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда мемлекеттік қызметтің тиімділігі – цифрлан-дыру, ашықтық және халықпен кері байланыстың сапасына



Берікқайыр ҚАЗЕНОВ,
ҚР Сот әкімшілігінің
департаменті басшысының
орынбасары, әдеп жөніндегі
уәкіл

қарай бағалануда. Сондықтан мемлекеттік қызметші кез кел-ген жағдайда кәсіби этиканы сақтап, әлеуметтік желілерде де жауапкершілікпен әрекет етуі қажет. Жарияланатын ақпарат-тың шынайылығына мән беру, мемлекеттік қызметтің беделіне нұқсан келтіретін әрекеттерге жол бермеу, қызметтік ақпарат-тын құпиялылығын сақтау – әр-бір мемлекеттік қызметшінің міндеті.

Мемлекеттік қызметте әдеп қағидаларын сақтау – әрбір қызметшінің күнделікті жұмы-сындағы өзгермейтін ұстаным болуы тиіс. Бұл қағидаларды мүлтіксіз орындау заң үстемді-гін нығайтуға, мемлекеттік қыз-меттің тиімділігін арттыруға және азаматтардың мемлекетке деген сенімін одан әрі күшейту-ге мүмкіндік береді.

КИЕ

«Ана тілің – арың бұл» деген қанатты сөздің мәні терең. Ана тілі – әрбір адамның болмысы мен рухани дүниесінің негізі, ұлттық бірегейліктің басты белгісі. Тіл – ұлттың жаны, тарихы, мәдениеті мен дәстүрін ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін ең қастерлі құндылық.

«АНА ТІЛІҢ - АРЫҢ БҰЛ»

Сот төрелігінің басты қағидаты – әділ-дік пен заңдылық. Азаматтардың сотқа деген сенімі тек қабылданған шешімдердің әділді-гімен ғана емес, олардың өз ана тілінде еркін сөйлеп, ойын толық жеткізе алуымен де өлше-неді. Сондықтан соттарда мемлекеттік тілдің қолданылуы азаматтардың конституциялық құқықтарын қамтамасыз етудің маңызды ке-пілі.

Сот жүйесінде мемлекеттік тілде іс жүргізу деңгейі жылдан-жылға артып келеді. Судьялар мен сот қызметкерлері мемлекеттік тілді кәсіби деңгейде меңгеріп, ресми құжаттарды қазақ тілінде сапалы әзірлеуге ерекше көңіл бөлуде. Бұл – заң талаптарын орындаумен қатар, мем-лекеттік тілге деген құрметтің айқын көрінісі.

Ана тілін құрметтеу – өткенге тағзым ғана емес, болашаққа деген жауапкершілік. Өз тілін қадірлеген халықтың рухы биік, бірлігі бекем болады. Әрбір азамат мемлекеттік тілді меңге-руге, оны күнделікті өмірде кеңінен қолдануға ұмтылғанда ғана еліміздің тұтастығы мен тәу-елсіздігі нығая түседі.

Ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсынұлы: «Тілі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» деген бо-латын. Сондықтан ана тілімізді сақтау, дамыту және келер ұрпаққа аманат ету – баршамыздың қасиетті парызымыз.

ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК

Соңғы жылдары қоғамда алаңдаушылық туғызған маңызды мәсе-лелердің бірі – жастар арасындағы есірткіге байланысты қылмы-стардың артуы. Бұл құбылыс тек құқық қорғау органдарының емес, бүкіл қоғамның назарын талап етеді. Жастар – елдің болашағы болғандықтан,о-лардың денсаулығы мен құқықтық санасының төмендеуі мемлекет дамуы-на тікелей әсер етеді. Әсіресе, 18-29 жас аралығындағы азаматтар ара-сында есірткі сақтау, тасымалдау және өткізу фактілері жиілеген. Бұған бірнеше фактор әсер етеді.

ЕСІРТКІ ҚЫЛМЫСЫ – БОЛАШАҚҚА ШАБЫЛҒАН БАЛТА



Біріншіден, ақпараттық технологиялардың дамуы есірткі саудасының жаңа түрлерін қалыптастырды. Бұрын есірткі тікелей байла-ныс арқылы таралса, бүгінде интернет пен мессенджер-лер арқылы жасырын сау-да кең тараған. «Закладқа» әдісі арқылы жұмыс істейтін желілер жастарды курьер ретінде тартып, оңай табыс табуға итермелейді. Көптеген жас азаматтар бұл әрекеттің қылмыс екенін түсінгенімен, қаржылық қиындықтар мен жеңіл ақшаға қызығушылық оларды тәуекелге баруға мәжбүр етеді.

Екіншіден, жастар ара-сындағы құқықтық сауат-тылықтың төмендігі де өз әсерін тигізуде. Көп жағдайда олар есірткіге қатысты қыл-мыстардың ауыр салдары бар екенін толық түсінбейді. Қа-зақстан заңнамасына сөйкес, есірткі заттарын сақтау, тара-ту және өндіру ауыр қылмыс санатына жатады және ұзақ мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылған.

Үшіншіден, әлеумет-тік-психологиялық фактор-лар да маңызды рөл атқара-ды. Отбасындағы тәрбиенің әлсіздігі бос уақытты тиімді ұйымдастырмау құрбы-құр-дастардың ықпалы-мұның барлығы жастарды теріс

жолға түсіруі мүмкін. Кейбір жағдайларда жастар есірткіні қызығушылық немесе қысым әсерінен алғаш рет қолданып көреді, ал кейін тәуелділікке ұрынады.

Есірткі қылмыстарының динамикасын талдай отырып, тек жазалау шараларымен шектелу жеткіліксіз екені анық. Бұл мәселеге кешен-ді түрде қарау қажет. Ең ал-дымен, алдын алу жұмыстары күшейтілуі тиіс. Мектептер мен жоғары оқу орындары-нда түсіндіру жұмыстары, құқықтық білім беру және са-лауатты өмір салтын насихат-тау маңызды рөл атқарады.

Сонымен қатар, ата-аналардың жауапкершілігін арттыру қажет. Баланың бос уақытын бақылау, оның дос-тарын, араласатын ортасын білу, психологиялық қол-дау көрсету – бұл қарапай-ым, бірақ тиімді шаралар. Жастарға спорт, өнер, білім салаларында өзін дамытуға мүмкіндік беру де олардың теріс жолдан аулақ болуына ықпал етеді. Құқық қорғау ор-гандары тарапынан да зама-науи әдістерді қолдану маңы-зды. Интернет арқылы жүзеге асатын есірткі саудасына қар-сы күрес күшейтіліп, заңсыз айналымды анықтау мен жо-лын кесу бойынша жұмыстар жүйелі түрде жүргізілуі тиіс.



Ана тілі – ар-намысымыздың айнасы, елді-гіміздің белгісі. Тілімізді құрметтеу – мемле-кетімізді құрметтеу. Әрбір азамат мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеруге өз үлесін қосса Қа-зақстанның жарқын болашағына қызмет еткен боламыз.

Ульяна ХАЙРУЛЛИНА,
Батыс Қазақстан облысының
мамандандырылған ауданаралық
экономикалық сотының судьясы

Айгерке ЕРЛАНОВА,
Ақтөбе қаласы №2
сотының сот приставы

КОКЖИЕК

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘРІПТЕСТІК – ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЭКОЖҮЙЕНІҢ ӨЗЕГІ

Цифрлық технологиялар бүгінде әлемдік экономиканың негізгі қозғаушы күшіне айналды. Бұл орайда мемлекеттердің ғана емес, жекелеген қалалардың да бәсекеге қабілеттілігі инновацияларды қаншалықты тиімді енгізе алуымен, жасанды интеллект мүмкіндіктерін пайдалануымен және цифрлық инфрақұрылымды дамытуымен айқындалатын кезең қалыптасты. Осы тұрғыдан алғанда, Қазақстанның аса ірі мегаполистерінің бірі – Шымкент қаласының цифрлық трансформация бағытындағы жүйелі жұмысы жаңа сапалық деңгейге көтеріліп келеді.

Соңғы уақытта шаһардағы цифрлық дамудың халықаралық бағытын айқындаған аса маңызды оқиғалардың бірі – Шымкент қаласының әкімі Ғабит Сыздықбековтің Португалиядағы жетекші технологиялық орталықтардың бірі саналатын Taguspark технопаркінің бас директоры Эдуарду Баптишта Коррейямен кездесуі болды. Келіссөз барысында цифрландыру, инновациялық технологияларды енгізу, технологиялық кәсіпкерлікті дамыту, Smart City жобаларын кеңейту және өзара тәжірибе алмасу мәселелері кеңінен талқыланды. Кездесу қорытындысында Португалияның Taguspark технопаркінің басшысы мен Шымкент қаласының Цифрландыру басқармасы цифрландыру, инновациялар және Smart City бағытындағы ынтымақтастықты дамыту жөніндегі өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Бұл құжат екі тараптың тәжірибе алмасуын институционалдық деңгейге жығырып, жаңа технологиялық жобаларды бірлесіп жүзеге асыруға құқықтық негіз қалыптастырды.

Smart City – қаланы басқарудың жаңа моделі

Бүгінде әлемнің жетекші мегаполистері тұрғындарға қолайлы әрі қауіпсіз орта қалыптастыру үшін Smart City қағидаттарына сүйенеді. Бұл модель цифрлық технологияларды пайдалану арқылы көлік қозғалысын басқарудан бастап коммуналдық қызметтердің сапасын арттыруға дейінгі барлық саланы да қамтиды. Шымкент қалалық цифрландыру басқармасының басшысы Мұхит Кемелов қалада жасанды интеллект технологияларының күнделікті тұрмысқа да біртіндеп еніп келе жатқанын тілге тиек етті.

Бүгінде Шымкентте де осы бағытта ауқымды жұмыстар қолға алынған. Қалада интеллектуалды көлік жүйесін енгізу, қоғамдық қауіпсіздікті арттыру, денсаулық сақтау қызметтерін цифрландыру, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын тиімді басқару және қалалық инфрақұрылымды цифрлық бақылау бағытында бірқатар жобалар кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда, – дейді Мұхит Кемелов.

Бұл бастамалардың түпкілікті мақ-

саты – тұрғындарға көрсетілетін мемлекеттік және коммуналдық қызметтердің сапасын жақсартып қана қоймай, қаланы басқарудың тиімділігін арттыруға бағытталмақ.

Халықаралық делегацияға таныстырылған маңызды жобалардың бірі – Shymkent Hub инновациялық орталығы болды. Бүгінде бұл орталық жас IT-мамандарды қолдайтын, стартап жобалардың қалыптасуына мүмкіндік беретін және инвесторлар мен технологиялық кәсіпкерлерді біріктіретін өңірлік инновациялық алаңға айналып келеді. Shymkent Hub-тың басты ерекшелігі – идеядан бастап коммерциялық жобаға дейінгі барлық кезеңде технологиялық командаларды сүйемелдеу. Мұнда жаңа бағдарламалық өнімдер әзірленіп, жасанды интеллект, цифрлық сервистер мен акпараттық технологиялар саласындағы жобаларға қолдау көрсетіледі. Мұндай орталықтардың дамуы еліміздің технологиялық тәуелсіздігін нығайтып қана қоймай, жоғары білікті IT-кадрларды даярлауға да ықпал етпек.

Кездесу барысында шетелдік серіктестерге Smart Data Ukimet (SDU) платформасының мүмкіндіктері кеңінен таныстырылды. Бұл жүйе нақты уақыт режимінде қаладағы түрлі салалар бойынша мәліметтерді жинақтап, талдап, басқарушылық шешімдерді жедел қабылдауға мүмкіндік береді.

Қазіргі заманғы мемлекеттік басқарудың басты қағидаты – шешімді интуициямен емес, нақты деректер негізінде қабылдау. SDU платформасы дәл осы міндетті орындауға бағытталған, – дейді жоба платформасын дайындаушылар.

Сонымен қатар делегацияға AIQYN және Digital Maps жүйелерінің жұмыс қағидаттары көрсетілді. Бұл цифрлық платформалар қалалық инфрақұрылымның жай-күйін бақылауға, инженерлік желілердің жұмысын талдауға, қала картасын цифрлық форматта басқаруға және мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Мұндай жүйелердің тиімділігі алда-жалда төтенше жағдайлардың алдын алуда, коммуналдық қызметтердің жұмысын бақылауда және тұрғындардың өтініштерін жедел қарауда ерекше байқалады.



Жасанды интеллект пен дрон технологияларының әлеуеті

Кездесу барысында ерекше назар аударылған бағыттардың бірі – қалалық инфрақұрылымды бақылауға арналған дрон технологияларын дамыту. Қазіргі уақытта әлемнің жетекші қалалары құрылыс нысандарын бақылауда, инженерлік желілердің жай-күйін анықтауда, төтенше жағдайлардың алдын алуда және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде ұшқышсыз ұшу аппараттарын да кеңінен пайдаланып келеді. Шымкентте қолға алынған жоба осы халықаралық тәжірибеге негізделіпті.

Дрондар қала аумағын қысқа уақыт ішінде бақылауға, заңсыз құрылыстарды анықтауға, инженерлік желілердің ақауларын дер кезінде тіркеуге және жедел қызметтердің жұмыс тиімділігін арттыруға мүмкіндік бермек. Ал жасанды интеллект технологияларын енгізу акпараттық жүйелердің мүмкіндігін бірнеше есе кеңейтеді. Бұл бағыт тұрғындардың сұранысын талдау, көлік ағындарын болжау, коммуналдық инфрақұрылымды басқару және цифрлық сервистердің сапасын жақсарту үшін маңызды.

Португалиялық делегация Шымкентте жуырда пайда болған Tomotow School және RoboPark инновациялық

орталықтарының жұмысымен де танысты. Мұнда робототехника, инженерия, бағдарламалау және жасанды интеллект бағытындағы заманауи әзірлемелер ұсынылған. Қонақтар түрлі инновациялық жобалардың макеттерін, инженерлік шешімдерін және жас ғалымдардың тәжірибелік жұмыстарын көріп, өңірдегі инновациялық білім беру әлеуетіне жоғары баға берді. Құрылғанына көп уақыт бола қоймаса да бұл орталықтар мектеп оқушыларынан бастап жас инженерлерге дейін технологиялық ойлау мәдениетін қалыптастырып, еліміздің цифрлық болашағын қамтамасыз ететін мамандарды тәрбиелеуге зор үлес қосып келеді.

Делегация Шымкентте кезең-кезеңімен енгізіліп жатқан Интеллектуалды көлік жүйесінің (ITS) жұмысымен де танысты. Жүйе көлік ағынын автоматты түрде басқаруға, жол кептелістерін азайтуға, жол қозғалысының қауіпсіздігін арттыруға және жедел медициналық көмек, өрт сөндіру мен полиция қызметтері үшін «жасыл дәліз» қалыптастыруға дейінгі кең көлемде ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Мұндай технологиялар тұрғындардың уақытын үнемдеумен қатар, төтенше жағдай кезінде адам өмірін сақтап қалуға да ықпал етпек.

Қаланы цифрландыру тек жаңа сервистерді енгізумен шектелмейді. Акпараттық қауіпсіздік мәселесі де күн

тәртібінде тұр. Осы тұрғыдан алғанда, Шымкентте «Қазақстан киберқалқаны» тұжырымдамасы аясындағы жұмыстарға ерекше назар аударылуда. Киберқауіпсіздікті күшейту, мемлекеттік акпараттық жүйелерді қорғау, электрондық үкімет сервистерінің сенімділігін арттыру, қаржылық технологияларды қауіпсіз пайдалану және акпараттық инфрақұрылымды қорғау бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жүргізілуде. Бұл бастамалар цифрлық мемлекеттік қызметтердің тұрақтылығын қамтамасыз етіп қана қоймай, азаматтардың жеке деректерінің қауіпсіздігін де күшейтпек, – деп толықтырды Мұхит Кемелов.

Португалиядағы Taguspark технопаркі ғылым, бизнес және жоғары білім беру ұйымдарының тиімді ықпалдастығын қалыптастырған әлемдегі табысты инновациялық модельдердің бірі саналады. Мұнда жүздеген жоғары технологиялық компаниялар, ғылыми орталықтар мен стартаптар бір экожүйеде жұмыс істейді. Осындай тәжірибені зерделеу Шымкенттің инновациялық әлеуетін арттыруға, жаңа инвестициялық жобаларды тартуға, жергілікті IT-мамандардың біліктілігін көтеруге және халықаралық технологиялық ынтымақтастықты кеңейтуге мүмкіндік береті сөзсіз. Сарапшылардың пікірінше, мұндай байланыстар технология трансферін жеделдетіп, цифрлық экономиканың дамуына, жаңа жұмыс орындарының ашылуына және өңірдің инвестициялық тартымдылығының артуына оң ықпал етеді.

Шымкент цифрлық даму стратегиясын нақты жобалар арқылы жүзеге асырып отырған Қазақстандағы жетекші мегаполистердің біріне айналып келеді. Smart City шешімдері, жасанды интеллект технологиялары, инновациялық инфрақұрылым, интеллектуалды көлік жүйесі, Shymkent Hub, Smart Data Ukimet, AIQYN, Digital Maps платформалары мен дрон технологияларының енгізілуі бұған айқын дәлел. Мұның бәрі ірі мегаполисті басқару сапасын жаңа деңгейге көтеруге бағытталған. Португалияның Taguspark технопаркімен орнатылған ынтымақтастық осы үдерісті халықаралық тәжірибемен толықтырып, инновациялық жобаларды бірлесіп жүзеге асыруға жол ашпақ. Бұл әріптестік Шымкенттің цифрлық трансформациясын жеделдетіп қана қоймай, Қазақстанның цифрлық экономикасын дамыту, инновациялық инфрақұрылымды қалыптастыру, IT-технологияларды кеңінен енгізу, электрондық үкімет пен қаржылық технологияларды жетілдіру, «Қазақстан киберқалқаны» жобасын іске асыру және жасанды интеллект мүмкіндіктерін тиімді пайдалану жөніндегі мемлекеттік саясаттың маңызды құрамдас бөлігіне айналып отыр.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ
Шымкент қаласы

ІШКІ НАРЫҚ

КӘСІПКЕРЛІКТІҢ ӨРІСІ КЕҢЕЙІП КЕЛЕДІ

Алматы облысы Райымбек ауданының әкімі Дастан Құдабаевтың айтуынша, өңірде 3089 кәсіпкерлік субъектісі тіркелген. Оның 2,5 мыңы шаруа қожалықтары, 285 заңды тұлға, қалғаны жеке кәсіпкерлер. Бір жылда кәсіпкерлік субъектілері арқылы бюджетке 2,6 млрд теңге салық төлемдері түседі.

Соңғы 10 жылда ауданның әлеуметтік-экономикалық ахуалы адам танымастай өзгерді. Бір кездері инфрақұрылымдық мәселелерге байланысты шаруасы шатқаяқтап, тұрғындарының көбі облыс орталығына жұмыс іздеп ағылған ауданның демографиялық ахуалы қайта түзелуде. Облыс орталығынан ең шалғайда жатқан аудан 8 жыл бұрын қайтадан құрылып, ең алдымен көлік жолы жаңарып, жаңадан түрлі әлеуметтік нысандар салынды. 90 жылдық тарихы бар бұл өңірдегі 20 елді мекенде қазір 25600 адам тұрып жатыр. Өз кәсібін жаңадан бастаған адамдарға берілетін 400 АЕК көлеміндегі қайтарымсыз мемлекеттік грант пен төмен пайыздық мөлшерлемен берілетін несиеге қол жеткізіп, шаруасын дөңгелетіп, бір емес бірнеше отбасының әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсартуға үлес қосып жатқандар саны әр ауылда өсіп келе жатыр

«Аудан орталығы саналатын Нарынқол ауылында шағын кәсіпкерлікті дамыту үшін мемлекеттен бөлінетін гранттар мен жеңілдетіл-



ген несиелерге ие болған тұрғындар аз емес. Ауыл бойынша 24 адам 2,5 пайызбен 200 млн теңгеге жуық ақша алып, өз кәсіптерін жүргізіп отыр. Оның сыртында жылда 5-8 адам 400 АЕК көлемінде мемлекеттік грант алады», – дейді Нарынқол ауылдық округінің әкімі Амангелді Смайылұлы.

Биыл бұл ауылда балық шаруашылығы бойынша 10 бассейн өз жұмысын бастады. Енді бұдан бөлек 1 омарта шаруашылығы мен құс шаруашылығы бойынша шағын кәсіп ашылмақ. Сон-

дай-ақ, соңғы жылдары аудан тұрғындарының туризм саласын дамытуға бет бұруына байланысты қайта жаңғыртылған республикалық, облыстық және аудандық маңызы бар автожолдардың бойында қонақтарға қызмет көрсететін 10 үй ашылатын болады.

А.Смайылұлының айтуынша, соңғы жылдары қайта жаңғырып жатқан шаруашылық ретінде омарта саласын ерекше атап өтуге болады. Мұнда қазір 2,5 пайыздық мөлшерлемен 23 млн теңге несие алып оны ары қарай дамытуға шындап бет

бұрып жатқандар да бар. Қазір бұл ауылда жылыжай ісімен айналысып отырған 2 азамат бар.

Ұлттық статистика бюросының есебі бойынша алғашқы 4 айда Райымбек ауданында экономикалық қызмет түрлері бойынша 660 783 мың теңгенің өнеркәсіп өнімдері өндірілген екен. Мәселен, облыстағы көмір өндірілетін жалғыз аймақта биыл 232 947 мың теңгенің көмірі өндірілген.

Бір кездері мұнда тек картоп қана өседі, ауданда ауыл шаруашылығынан басқа сала кенжелеп қалды деген түсінік басым болатын. Қазір жағдай өзгергенін мына деректерден де аңғаруға болады. Мұнда 4 айда өңдеу өнеркәсібі өнімінің көлемі 231 436 мың теңгені; тамақ өнімдері 218 756 мың теңгені; жеңіл өнеркәсіп өнімдері 3 424 мың теңгені; тоқыма бұйымдары 2388 мың теңгені; киім өндіру 1 036 мың теңгені; жиһаздан басқа, ағаш және тығын бұйымдарын өндіру, сабаннан және тоқуға арналған материалдардан жасалған бұйымдар 2 500 мың теңгені; полиграфиялық қызмет және жазылған акпарат жеткізгіштерін жаңғырту 20 мың теңгені; химия өнеркәсібінің өнімдері 4 мың теңгені; өзге де бейметалл минералдық өнімдер 52 мың теңгені; машиналар мен жабдықтардан басқа дайын металл бұйымдарын өндіру 1 668 мың теңгені; электр энергиясымен, газбен, бұмен, ыстық сумен және ауаны кондициялаумен жабдықтау 176 093 мың теңгені; электр энергиясын өндіру, беру және тарту 19 839 531 мың теңгені; сумен жабдықтау, қалдықтарды жинау, өңдеу және жою, ластануды жою бойынша қызмет 20 307 мың теңгені құраған.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕН

ТҰРАҚТАНДЫРУ ҚОРЫ СИЫР ЕТІ БАҒАСЫН
ҚОЛЖЕТІМДІ ЖАСАМАҚ

Алматы облысындағы Еңбекшіқазақ ауданында орналасқан «АГРО Балтабай» ЖШС өндірістік алаңы Тұрақтандыру қоры бағдарламасы аясында аймаққа сиыр етін жеткізуді жүзеге асырып келеді. Кәсіпорын ірі қара мал өсіру, бордақылау, сою және ет өндірумен айналысады. Өндірістік база Қырбалтабай ауылдық округінде 13 гектар аумақта орналасқан. Бүгінде бордақылау алаңында қазақтың ақбас тұқымды 6 мыңнан астам ірі қара ұсталады.

«АГРО Балтабай» ЖШС мен «Қонаев» ӘКК арасындағы ынтымақтастық 2024 жылы басталды. Осы уақыт ішінде тұрақтандыру қорының тетігі арқылы Алматы облысының тұрғындарына белгіленген бағамен 342 тоннадан астам сиыр еті жеткізілді.

Қазіргі таңда әлеуметтік маңызы бар сиыр етінің өндірушіден босату бағасы бір келісі үшін 2 900 теңгені құраса, серіктес сауда орындарындағы бөлшек сауда бағасы 3 335 теңгеден аспайды. Жоба «Қонаев» ӘКК» АҚ тарапынан 2027 жылдың наурызына дейінгі мерзімге берілген 500 млн теңге көлеміндегі қарыз қаражаты есебінен қаржыландырылуда.

«ӘКК-нің басты міндеті – тұрғындардың әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерін нарықтағы маусымдық баға ауытқуларына қарамастан әділ әрі тұрақты бағамен сатып алуына жағдай жасау. Жеңілдетілген қаржыландыру тетігі өндірушілерге өнім жеткізу

көлемін тұрақты сақтауға, ал халыққа отандық сапалы өнімді белгіленген бағамен сатып алуға мүмкіндік береді. Біз мұндай өнімдердің облыс тұрғындарының барынша көп бөлігіне қолжетімді болуы үшін өткізу географиясын кеңейтуді жалғастырып жатырмыз», – дейді «Қонаев» ӘКК» АҚ Азық-түлік қауіпсіздігі департаментінің директоры Дианна Мұқашева.

Оның айтуынша, тұрақтандыру қорының негізгі мақсаты – өңір тұрғындарын қолжетімді бағамен әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз ету. Бүгінде белгіленген бағамен сиыр етін Талғар ауданының Еңбекші ауылындағы «Верный-5» ауыл шаруашылығы базарынан, Қонаев қаласындағы «Жетісу» базарынан, сондай-ақ мамандандырылған сауда нүктелерінен сатып алуға болады.

«ӘКК тарапынан көрсетілетін қолдау бізге өндіріс процесіне толық көңіл бөліп,



қысқа мерзімді баға өзгерістеріне тәуелді болмауға мүмкіндік береді. Соның арқасында біз сапалы сиыр етін белгіленген бағамен үздіксіз жеткізіп отырамыз. Біз үшін облыс тұрғындарының отандық өндірістің жаңа әрі сапалы өнімін қолжетімді бағамен сатып алуы маңызды», – дейді «АГРО Балтабай» ЖШС басқарушы директоры Александр Пак. Оның сөзіне қарағанда, «Қонаев» ӘКК»-мен ынтымақтастық кәсіпорынға өндірісті сенімді жоспарлап, өнімді тұрақты жеткізуге мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта «Қонаев» ӘКК мамандары Қонаев қаласында әлеуметтік ет сататын қосымша сауда нүктелерін ашу мәселесін пысықтап жатыр. Мұндай жобаларды іске асыру бір мезгілде отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қолдауға, Алматы облысының тұрғындарын қолжетімді бағамен сапалы өніммен қамтамасыз етуге және өңірдің азық-түлік нарығындағы баға тұрақтылығын сақтауға мүмкіндік береді.

Әсем САТҚЫНОВА

ӨЗЕК

АЛТЫН ТҰҒЫР

Мемлекеттік тіл тұғырының биік болуы – Меміміздің өркендеуінің басты шарты. Егемендік алғалы бері ана тіліміздің қолданыс аясы барлық салада, соның ішінде құқықтық кеңістікте де жүйелі түрде кеңейіп келеді. Сот жүйесінде мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру – тек заң жүзіндегі талап қана емес, бұл азаматтардың конституциялық құқығын толық қамтамасыз етудің нақты кепілі.

Сот төрелігін жүзеге асыру кезінде әрбір адам өзіне түсінікті тілде еркін сөйлеп, ойын ашық жеткізуге хақылы. Бұл процесс сот талқылауының әділ әрі ашық өтуіне тікелей ықпал етеді. Азамат сот залында заңдық терминдерді өз тілінде толық ұғынған кезде ғана шынайы әділдік орнайтынына көз жеткізеді. Сондықтан бүгінгі таңда сот органдарында іс қағаздарын жүргізу мен сот отырыстарын қазақ тілінде сауатты өткізу жұмыстарына басымдық берілуде.

Күнделікті тәжірибе көрсеткендей, азаматтардан түсетін талап-арыздардың мемлекеттік тілде жазылу көрсеткіші жылдан-жылға артып келеді. Істі қарау, сот шешімдері мен ұйғарымдарын шығару процестері де ана тілімізде заң нормаларына сай мүлтіксіз жүргізілуде. Заңнамаға сәйкес, сот отырысының қай тілде өтуі ең алдымен арыз иесінің қалауына байланысты шешілетінін ерекше атап өткен жөн. Егер процеске қатысушы тараптарға аудармашы қажет болса, мемлекет оны толықтай тегін қамтамасыз етеді. Десе де, бүгінде сот жүйесі мамандарының ғана емес, прокурорлар мен қорғаушылардың да қазақ тілін еркін меңгеріп, сот процестерінде мемлекеттік тілде сауатты сөйлеуі қалыпты үрдіске айналды.

Сот төрелігі саласында мемлекеттік тілдің салтанат құруы – халықтың сот билігіне деген сенімін нығайтатын маңызды біріктіруші фактор. Ана тіліміздің мәртебесін биіктетіп, оның сот өндірісіндегі рөлін одан әрі дамыту – осы салада қызмет етіп жүрген әрбір маманның азаматтық парызы. Мемлекеттік тілдің тұғыры қашанда биік болмақ. Оның сот жүйесіндегі қолданыс аясы уақыт өткен сайын кеңейе беретініне сеніміміз кәміл.

Гүлжан МЫҢЖАСАРОВА,
Ақтөбе қалалық соты әкімшісінің бас маманы

ШІКІР

Адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау – кез келген демократиялық және құқықтық мемлекеттің басты міндеттерінің бірі. Қылмыстық іс жүргізу саласында адам құқықтарын сақтау мәселесі аса маңызды, өйткені бұл процесте адамның бостандығын шектеу, жауапқа тарту немесе кінәлі деп тану сияқты маңызды шешімдер қабылданады. Сондықтан қылмыстық іс жүргізудің барлық кезеңдерінде заңдылық, әділдік және адам құқықтарының сақталуы қамтамасыз етілуі тиіс.

АДАМ ҚҰҚЫҒЫ –
ЕҢ БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚ



ҚР Конституциясында адамның құқықтары мен бостандықтары ең жоғары құндылық ретінде танылған. Осыған сәйкес қылмыстық іс жүргізу органдары өз қызметін жүзеге асыру кезінде азаматтардың құқықтарын құрметтеуге және қорғауға міндетті.

Қылмыстық іс жүргізу – қылмыстық құқық бұзушылықтарды анықтау, тергеу, сотта қарау және әділ шешім қабылдау мақсатында жүзеге асырылатын қызмет. Бұл процесс барысында азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына әсер ететін түрлі процессуалдық әрекеттер жүргізіледі. Сондықтан заң адамның заңсыз қудалауға ұшырамауына, ар-намысы мен қадір-қасиетінің қорғалуына кепілдік береді.

Адам құқықтарын қорғаудың негізгі мақсаты – қылмыстық процестің әділ әрі заңды өтуін қамтамасыз ету. Егер құқық қорғау органдары заң талаптарын сақтамаса, азаматтардың құқықтары бұ-

зылып, әділетсіз шешімдер қабылдануы мүмкін. Мұндай жағдайлар қоғамның мемлекеттік органдарға деген сенімін төмендетеді.

Қылмыстық іс жүргізуде адам құқықтарын қорғау – құқықтық мемлекеттің маңызды міндеттерінің бірі. Конституцияда бекітілген құқықтар мен бостандықтарды сақтау заңдылық пен әділеттіліктің негізі болып табылады. Қылмыстық процестің барлық қатысушыларының құқықтарын қорғау арқылы ғана әділ сот төрелігін қамтамасыз етуге болады.

Сондықтан құқық қорғау органдары, прокуратура және сот өз қызметінде заң талаптарын қатаң сақтап, әрбір азаматтың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға ерекше көңіл бөлуі тиіс.

Анара ЖАКУЛИНА,
Көкшетау қаласының
мамандандырылған тергеу сотының
бас маманы

ДЕНСАУЛЫҚ

ДЕНІ САУ БАЛАНЫ
ДҮНИЕГЕ ӘКЕЛУ –
ӘРБІР ОТБАСЫНЫҢ БАҚЫТЫ

Дені сау баланы дүниеге әкелу – әрбір отбасы үшін үлкен бақыт, бірақ бұл жолдың сәтті болуы ата-ананың осы қадамға қалай дайындалғанына тікелей байланысты. Көптеген адамдар дәрігерге жүктілік тесті екі сызықты көрсеткеннен кейін ғана жүгіну керек деп ойлайды, бірақ бұл қате түсінік. Заманауи медицинада прегравидарлық дайындық деп аталатын ең маңызды кезең бар – бұл жүктілікке дайындалудағы ата-ананың денсаулығын нығайтып қана қоймай, жүктілікті алдын ала жоспарлау мақсатында жүктілік кезіндегі асқынулардың алдын алуға бағытталған шаралар кешені.

Мемлекет міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) жүйесі арқылы осы маңызды дайындық кезеңінен тегін өтуге мүмкіндік беріп, дәрігерлердің кеңестерін және бірқатар зерттеулерді өтуді толық қаржыландырады. Медицинадағы ең қауіпті мәселелердің бірі – жүктілік кезінде ғана анықталатын аурулар және олардың асқынулары. Солардың бірі – жүктілік кезінде алғаш рет анықталатын онкологиялық аурулар. Бала көтеру кезеңінде әйел ағзасында гормоналды өзгерістер орын алады, бұл катализатор ретінде әсер етіп, бұған дейін жасырын келген ісіктердің немесе ісікалды жағдайлардың тез өсуіне түрткі болуы мүмкін. Бұл кезеңде қатерлі ісікті емдеу өте үлкен қауіп, өйткені химиотерапия мен сәулелі ем құрсақтағы нәрестенің өміріне тікелей қауіп төндіріп, дәрігерлер мен отбасын қорқынышты таңдау алдында қалдырады. Жүктілікке дейін МӘМС-тің барлық диагностикалық мүмкіндіктерін пайдалану кез келген патологиялық өзгерістерді дер кезінде анықтауға, оларды ерте сатысында сәтті емдеуге және бала көтеру кезеңінде онкологиялық асқынулардың туындау қаупін жоюға мүмкіндік беріп, ана мен бала өмірін сақтайды.

Онкологиялық қауіптерден бөлек, жүктілікті жоспарлау сырттай қарағанда сау көрінетін ата-а-



надан тұқым қуалайтын жасырын генетикалық ауруларды уақтылы анықтауға көмектеседі. Кей жағдайларда ерлі-зайыптылар өздерінің зақымдалған хромосомалар мен гендерді тасымалдаушы екендігін білмеуі де мүмкін. МӘМС пакеті шеңберінде учаскелік терапевке және акушер-гинекологқа, бейінді мамандарға жүгіну емделмейтін туа пайда болатын даму кемістігі бар бірқатар генетикалық аурулардың алдын алуға мүмкіндік береді. Медициналық сақтандыру ата-аналарға болашаққа деген сенімділікті ұялатады. Болашақ ата-ананы жасырын тұқым қуалайтын аурулармен байла-

нысты ауыр эмоционалдық және физикалық сынақтардан сенімді түрде қорғайды. Мемлекет Қазақстан Республикасының әрбір сақтандырылған азаматына қолжетімді профилактикалық медицинаға баса назар аударатын, ана мен баланы қолдау үшін барынша жағдай жасауда. Егер МӘМС бойынша өткен прегравидарлық дайындық барысында болашақ ата-аналардан қандай да бір ауытқулар табылса, пациентті тереңдетілген емдеу үшін

эндокринологтарға, кардиологтарға, генетиктерге немесе онкологтарға яғни арнайы бейін мамандарға тегін жіберуге мүмкіндік береді. Жауапты прегравидарлық дайындық – бұл сәбиге мықты денсаулық сыйлаудың бірден-бір сенімді жолы, ал міндетті медициналық сақтандыру бұл процесті әрбір қазақстандық отбасы үшін қолжетімді, қауіпсіз және тегін етеді.

Ш. ТӨЛЕУҒАЛИ,
№ 27 Қалалық емхананың
денсаулық сақтау маманы,

Ш. КЕРЕЙ,
дәрігер

«Алматы жылу жүйесі» ЖШС-нде 2026 жылдың 1 жартыжылдығы бойынша жылдық есебі жөнінен жария тындау өткізілді.							Бекітілген тарифтік сметаның баптар бойынша орындалуы туралы. 2026 жылдың 1 жартыжылдығына жылу энергиясын беру, бөлу және жабдықтау қызметтеріне тарифтік сметаның орындалуы.						
Жұма күні, 2026 жылдың 17 шілдесінде (басталу уақыты сағ. 15:00, аяқталу уақыты сағ. 16:30) тұтынушыларға және басқа да мүдделі тараптарға арналған 2026 жылдың 1 жартыжылдығындағы кәсіпорынның жылу энергиясын беру және тарату саласындағы қызметі туралы жылдық есебі бойынша тындаулар өтті. «Алматы жылу жүйесі» ЖШС (бұдан әрі – «АлЖЖ» ЖШС) Алматы қаласы, Байзақов көшесі, 221 үй, 3-қабат, 319-кабинет мекенжайы бойынша жария тындаулар өткізді. Сондай-ақ ZOOM конференциясы арқылы онлайн трансляция жүргізілді.							ҚҚС-сыз						
р/б №	Көрсеткіштердің атауы	Өлшем бірлігі	Бекітілген тарифтік смета	2026 ж. 1-ші жартыжылдығындағы орындалуы	%	Ескертпе							
1	2	3	4	5									
I.	Тауарларды өндіруге және қызметтерді ұсынуға жұмсалған шығындар, барлығы	мың теңге	28 552 335,85	17 391 410,44	-39%								
1	Материалдық шығындар, барлығы	мың теңге	1 651 628,85	1 625 183,50	-2%								
соның ішінде:													
1.1	Шикізаттар мен материалдар	мың теңге	106 374,95	59 921,88	-43,7%	Орындалу және шарт жасасу кезеңінде тұр.							
1.2	ЖЖМ	мың теңге	100 427,84	139 775,01	39%	Артық шығындардың себептері: - жанар-жағармай материалдарының құнының өсуі							
1.3	Су және көріз	мың теңге	28 559,86	21 058,80	-26%	Орындау сатысында							
1.4	Энергия	мың теңге	1 416 266,20	1 404 427,81	-1%	Электр энергиясы құнының өсуі							
2	Еңбекақы төлеу шығыстары, барлығы	мың теңге	11 301 822,77	5 519 786,14	-51%								
3.	Амортизация	мың теңге	5 204 933,98	3 412 092,85	-34%								
4.	Нормативтік шығындарға жұмсалған ақша	мың теңге	9 130 368,35	5 963 795,59	-35%								
5.	Жөндеу	мың теңге	979 863,52	563 575,68	-42%	Орындалу және шарт жасасу кезеңінде тұр.							
6.	Салықтар (экологиялық төлемдер)	мың теңге	1 761,71	973,43	-45%								
7.	Шеттегі ұйымдардың қызметтері, всего	мың теңге	281 956,68	306 003,25	9%	Жаңа қызметтерді қосу және бағаларды көтеру							
II.	Кезең шығыстары, барлығы	мың теңге	2 951 012,78	1 435 802,00	-52%								
9.	Сыйақы төлеуге шығыстар	мың теңге	5 749,51	0,00	0%								
III	Қызмет көрсетуге кеткен жалпы шығындар	мың теңге	31 509 098,14	18 827 212,44	-40%								
IV	Пайда	мың теңге	0,00	-959 169,95	0%								
V	Кірістердің барлығы	мың теңге	31 509 098,14	17 868 042,50	-43%								
VI	Көрсетілетін қызметтер (тауарлар, жұмыстар) көлемі	мың Гкал	6 978,80	3 957,51	-43%								
VII	Нормативтік техникалық шығындар	% мың Гкал	16,10% 1 339,28	15,91% 748,49	-1% -44%	Жартыжылдық қорытындылары бойынша							
VIII	Тариф (ҚҚС қоспағанда)	теңге/ Гкал	4 514,97	4 514,97	0%								
4. Реттелетін қызметтің сапа және сенімділік көрсеткіштері туралы.													
5. Табиғи монополиялар субъектісінің қызметінің тиімділік көрсеткіштері туралы:													
«АлЖЖ» ЖШС-де реттелетін қызметтердің сапа және сенімділік көрсеткіштері және													

субъектінің қызмет тиімділігі көрсеткіштері тариф пен тарифтік сметаның бес жылдық шекті деңгейінің шығындық әдіспен бекітілуіне байланысты бекітілмеген (2021 жылғы 29 қарашадағы №143-Од Бұйрық).

Реттелетін қызметтердің сапа және сенімділік көрсеткіштері және субъектінің қызмет тиімділігі көрсеткіштері тарифтік реттеудің ынталандырушы әдісін қолданған кезде бекітіледі (2019 жылғы 13 тамыздағы №73 Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметі жүзеге асыру қағидаларының 13-тарауы).

6. Қызметтің негізгі қаржы-экономикалық көрсеткіштері туралы

2026 жылдың 1 жартыжылдығы Кәсіпорын 43,94 млрд. теңге мөлшерінде кіріс алды, кірістің негізгі үлесі жылу жнергиясын өткізуге 95,3%-ға келеді; 4,7%-ы кәсіпорынның өзге және басқа да табыстарына (хим. су өткізу, металл сынықтарын сату, есептеу құралдарын орнату және т.б.) тиесілі.

2026 жылдың 1 жартыжылдығының шығыстары 46,79 млрд. теңгені құрады, шығындардың негізгі үлесі жылу көздерінен жылу энергиясын сатып алуға жұмсалды– 70%. Одан басқа, негізгі шығындар мыналарға жұмсалды: амортизация – 7,3%; жалақы – 13,7%; электр энергиясы - 2,7%, салықтар – 1,4%; жөндеу – 1,2%; сондай-ақ басқа шығыстар – 3,6% (айыппұлдар, тұрақсыздық төлемі, өсімпұлдар, зардап шеккендерге өтемақы, мүшелік жарналар және т.б.).

2026 жылдың 1 жартыжылдығының қаржылық нәтижесі бойынша шығын көлемі 2,86 млрд теңге құрады.

7. Ұсынылған реттелетін қызметтер көлемдері туралы.

Есепті кезең ішінде жылу көздерінен – 4 273,72 мың Гкал. сатып алынды, көрсеткіш өткен 2025 жылдың бірінші жартыжылдығымен салыстырғанда 167,7 мың Гкал немесе 4% азайды;

Өткізілгені – 3 957,5 мың Гкал.;

Өз қажеттіліктеріне жұмсалғаны – 9,6 мың Гкал;

Қайта енгізілетін объектілерді ойып салу/төгу – 0,3 мың Гкал;

Коммуналдық желілер бойынша нормативтік шығыстар – 23,30 мың Гкал;

Нормативтік шығыстар – 750,86 мың Гкал.

8. Реттелетін қызметтерді тұтынушылармен жүргізіліп жатқан жұмыс туралы.

2026 жылдың 1 жартыжылдығына Кәсіпорын бойынша келіп түскен хат-хабарлар саны, электрондық құжат айналымында ресми тіркелген 9 944 өтініш болған, яғни, 2025 жылдың 1 жартыжылдығымен салыстырғанда тиісті көрсеткіш 2% немесе 170 өтінішке азайды. Барлық кіріс корреспондентісіяның 64% Кәсіпорынның коммерциялық блогының үлесінде.

«АлЖЖ» ЖШС-де «Бір терезе» қағидаты бойынша жұмыс істейтін 3 (үш) Тұтынушыларға қызмет көрсету орталығы (Батыс, Орталық, Шығыс) жұмыс істейді. Бұл тұтынушыларға қызмет көрсету сапасын арттыруға және құжаттарды рәсімдеу және қызметтерді ұсыну мерзімдерін айтарлықтай қысқартуға мүмкіндік береді. 2026 жылдың бірінші жартыжылдығында тұтынушыларға қызмет көрсету орталықтары 42 087 тұтынушыны қабылдады, 2025 жылдың 1 жартыжылдығымен салыстырғанда тұтынушыларды қабылдау 5% төмендеген.

2026 жылдың бірінші жартыжылдығында қабылданған кіріс қоңырауларының саны 67 965 жетті, оның 16% – Байланыс-орталығына келіп түскен қоңыраулар, 10 800 қабылданған қоңыраулар, 2025 жылдың 1 жартыжылдығымен салыстырғанда 3% төмендеген. Қалған 84% немесе 57 165 кіріс қоңырауларын Тұтынушыларға қызмет көрсету орталығының қызметкерлері қабылдаған.

Оған қосымша, Серіктестік өтініштерді Интернет-ресурстар арқылы, WhatsApp-мессенджерлер, Кәсіпорынның ресми сайты, Facebook, Instagram әлеуметтік желілері және басқа жолдармен қабылдайды.

Мысалға, WhatsApp мессенджері арқылы, 2026 жылдың 1 жартыжылдығында тұтынушылардан 8 263 сұраныс түсті, бұл 2025 жылдың 1 жартыжылдығымен салыстырғанда 16%-ға төмен.

9. Қызметтің перспективалары, соның ішінде тарифтердің өзгеру мүмкіндігі туралы:

2026 жылға арналған жылу желілерін қайта құру жоспары:

– Инвестициялық бағдарлама бойынша жалпы ұзындығы 5,9 км, құны 4 млрд.теңгеге, ҚҚС-сыз 16 нысан (3 – ауыспалы, 13-жана);

– ҚЭН бағдарламасы бойынша жалпы ұзындығы 11,8 км, құны 7,8 млрд.теңгеге, ҚҚС-сыз 17 нысан (4 – ауыспалы, 13-жана);

– Алматы қаласының «Энергетика және сумен жабдықтау басқармасы» КММ тапсырысы бойынша жалпы ұзындығы 1,9 км, құны 2,9 млрд. теңгеге 3 нысанды (2 – ауыспалы, 1 – Жаңа) қайта жаңарту жоспарланған;

– Ағымдағы (жоспарлы) жөндеу шеңберінде шамамен 10,5 км жылу желілерін ауыстыру жоспарлануда.

Дебиторлық берешекті азайту:

БАК-да және кәсіпорынның әлеуметтік желілерінде тұтынушыларды дебиторлық берешектері үшін жылумен жабдықтау қызметтерінен ажырату рейдтерінің өткізілетіні туралы ақпаратты жариялау;

Сотқа дейінгі хабарламаларды беру;

Дебиторлық берешегі үшін тұтынушылардың ыстық сумен жабдықтау қызметтерінен ажырату;

Атқарушылық жазбаларды жасау және оларды жеке сот орындаушыларына жіберу.

Қызмет көрсетуді жақсарту:

Smart ЖТЖК платформасы арқылы жылыту маусымына дайындықтың электрондық актісін енгізу;

Жылумен жабдықтау қызметтерін ажырату/қосу актілері бойынша деректерді енгізу-ді автоматтандыру.

Тарифтің өзгеру ықтималдығы:

– «Табиғи монополиялар туралы» ҚР заңының 22-бабын басшылыққа ала отырып «АлЖЖ» ЖШС стратегиялық тауарлардың құны өзгерген жағдайда тарифті оның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін көтеруге өтініммен жүгінуді жоспарлап отыр.

– «Табиғи монополиялар туралы» ҚР заңының 15-бабын басшылыққа ала отырып, «АлЖЖ» ЖШС 2027–2031 жылдарға арналған орта мерзімді кезеңге арналған тарифті бекітуге өтінім берді.

ҚҚС-сыз
форма 21

Табиғи монополия субъектісінің 2026 жылдың 1-ші жартыжылдығына арналған инвестициялық бағдарламаның (жобаның) орындалуы туралы ақпараты

«Алматы жылу жүйесі» ЖШС																												
Қызмет түрі: жылу энергиясын беру және тарату																												
р/б №	Реттелетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) ұсынудың жоспарлы және нақты көлемдері туралы ақпарат							Пайда және залал туралы есеп	Инвестициялық бағдарлама (жоба) сомасы, мың теңге, ҚҚС қоспағанда				Инвестициялық бағдарламаны (жобаны) қаржыландырудың нақты шарттары мен көлемдері туралы ақпарат, мың теңге, ҚҚС қоспағанда				Инвестициялық бағдарламаның (жобаның) орындалуының нақты көрсеткіштерін инвестициялық бағдарламалада (жобада) бекітілген көрсеткіштермен салыстырып тексеру туралы ақпарат**								Қол жеткізілген нақты көрсеткіштердің бекітілген инвестициялық бағдарламалаға (жобадағы) көрсеткіштерден ауытқу себептерін түсіндірмесі	Ұсынылатын реттелетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) сапасы мен сенімділігін жоғарылау бағалау		
	Реттелетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) атауы және қызмет көрсетілетін аумақ	Іс-шаралардың атауы	Өлшем бірлігі	Натурал көрсеткіштермен саны		Инвестициялық бағдарлама (жоба) аясында қызметті ұсыну кезеңі	Жосп.		Нақты	ауытқу	ауытқу себептері	мемшікті қаражаттар		Реттелетін қызметтерге жатпайтын қызмет	Қарыз қаражаттары	Бюджеттік қаражаттар	Өндірістік көрсеткіштердің жақсаруы, %, бекітілген инвестициялық бағдарламаға (жобаға) байланысты іске асыру жылдары бойынша		Негізгі қорлардың (активтердің) тозуының (физикалық) азаюы, %, бекітілген инвестициялық бағдарламаға (жобаға) байланысты іске асыру жылдары бойынша		Шығыстардың азаюы, %, бекітілген инвестициялық бағдарламаға (жобаға) байланысты іске асыру жылдары бойынша		Апаттылықтың азаюы, бекітілген инвестициялық бағдарламаға (жобаға) байланысты іске асыру жылдары бойынша					
				жосп.	нақты							Амортизация	Пайда				өткен жылдың дерегі	ағымдағы жылдың дерегі	өткен жылдың дерегі	ағымдағы жылдың дерегі	жосп.	нақты	өткен жылдың дерегі	ағымдағы жылдың дерегі				
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20	21	22	23	24	25	26	27		
1	Жылу энергиясын беру, бөлу және жабдықтау	Объектілерді күрделі жөндеу, жаңғырту	жұмыстар кешені	40	6	2026 жылдың 1 жартысы	-2 856 234,00	4 553 506,26	211 145,12	4 342 361,14	-	211 145,12	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	
2		ЖСҚ әзірлеу	жұмыстар кешені	5	0			129 079,35	0,00	129 079,35	-	0,00	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
3		Мемлекеттік сараптама	жұмыстар кешені	4	0			5 818,54	0,00	5 818,54	-	0,00	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
4		Сорғы, желдету, дәнекерлеу жабдықтары, электр қозғалтқыштар	жиын./дана	34	16			158 894,52	7 738,17	151 156,35	-	7 738,17	-	-	-	-	1 848 652,04	-	-	-	53,9	-	16,31	-	2 005	-	-	-
5		Ілмекті арматура	дана	438	5			425 775,02	2 160,00	423 615,02	-	2 160,00	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
6		Бағдарламалық өнімдерді сатып алу	жұмыс/дана/ жыл	501	341			9 241,19	17 724,57	-8 483,38	-	17 724,57	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
7		Электрондық жабдықтар (Ұйымдастыру техникасы)	жиын./дана	0	1			0,00	10 424,49	-10 424,49	-	10 424,49	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
				1 022	369		-2 856 234,00	5 282 314,88	249 192,35	5 033 122,53		249 192,35		0,00	0,00	1 848 652,04												

ШЫТЫРМАН

Ескі клубты ысырып, орнына жаңа мәдениет ошағы тұрғызылатынын өстіген жұрт мұны қуана қолдаған. Өйткені жарты ғасырдан астам бұрын салынған ғимарат соңғы он жылда мүлде қараусыз қалып, біртіндеп мүжіле бастады. Өрі, ауылдың ажарын қашырып-ақ тұр.

Құрылысшылар шаруаны бастап кеткендеріне үшінші күн. Эскаватордың қалағы ғимараттың қызметтік кіреберіс іргесін қопарғанда, көне бетон қақ айырыла уатылды. Сол-ақ екен әлдебір тосын дүниелер қылаңытты. Жұмысшылар таяна кеп үңілген: оралған ақ мата, кішкентай қол сөмке, әлдеқандай құжаттар... Мұны көрген прораб жұмысты іркіп, тиісті мекемеге хабарлады. Оқиға орнына жеткен ішкі істер бөлімінің инспекторлары материалдық дәйектерді мұқият жиып, хаттамалық қағаздарды толтырды.

Аудандық ішкі істер бөлімінің басшысы бұл беймәлім жайтты тергеуді таяуда Түркістан облысынан ауысып келген аға лейтенант Абылай Қайсеновке жүктеді.

– Табылған жеке куәлік иесі Гүлзат Орынбекова кім? Ең бірінші соны анықтау маңызды. Ауыл тұрғындарымен, куәлермен кездесіп сөйлес. Қалайда құпия жайттың толық ашылуына күш сал.

– Күп болады, подполковник мырза! Қысқа ғана берілген тапсырмада үлкен шаруаның сілемі жатқанын Абылай әуелгі сәттен білді. Себебі Гүлзат Орынбекова жиырма үш жыл бұрын үшті-күйлі жоғалған Кеңарық ауылының тұрғыны екенін сол жерде-ақ әкімдік адамдары мәлімдеді. Гүлзатпен бірге Сандуғаш деген құрбысының да із-түзсіз кеткенін үдере жеткізді. Сөйтіп, атам заманның жабылып қалған іске қайта «қанан бітті».

Абылай кабинетіне келіп, тым-тырыс отырып қалды. Оқиға орын алғанда өзі не бары екі жаста екен. «Енді тергеуді неден бастау керек? Бір кезгі

куәлердің қайсыбірі жоқтығын» ойша топшылады. Алайда талдау-сараптау шарасына заманауи технологиялар мен жаңаша көзқарас қажеттігін көңіліне түйді.

Орынбекованың үйіне келгенде жетпісті алқымдаған әйел адам қарсы алды. Бұл – Гүлзаттың анасы еді. Оқиганы қысқаша баяндағанда:

– Сөзіп едім жүрегіммен құлынымның жақын маңда екенін, – деп кемсеңдеді. – Бір сәт те үміт үзбей хабар күттім. – Егде кісінің иіні дірілдеп, көзінен жасы парлады. Өлден уақытта ішкі бөлмеге өтіп, сарғайған фото суретті алып келді. Жанары жаутаң қаққан бейненің ештемеден қаперсіз екені көрінеді.

... Гүлзат дәулетті шаңырақтың бірінен. Сабақты жақсы оқыды. Алматы дөрігерлік институтына түсуді армандады. Ойын әркез ашық айтатын өткір, біртбеткей, бірақ әділ қыз еді. Ал құрбысы Сандуғаш зиялы отбасында өсті. Әкесі Қалмұқан мектепте әдебиет пәнінен сабак беретін, шешесі кітапханада істейтін. Оның сурет салуға бейімі мол, көркемсурет колледжіне түсуді көкседі. Мінезі жұмсақ, әлденеге иланып қалатын аңғал. Үй-іші еркелетіп «Санду» дейтін.

Бармақтайынан бауыр баса достасқан қос құрбы болашаққа бірге жоспар құрды. Сол жылы емтиханға әзірленіп, оқуға қатар түсуді көздеді.

Сабақ бітуіне екі айдай қалған. Бірде клубтағы кеште Гүлзат өзін биге шақырған Есім дейтін жігітке рай танытпады. Бетін қайтарып тастамақ ниетпен, «мен өз өмірімді ауыл технигімен байланыстырмаймын, менің жоспарым өзге» деп айтып салды. Мұны естіген жігіт өрттей қызарып, теріс айналды.

Есім бір жыл бұрын мектеп бітіріп, клубта техник ретінде жұмыс істеп жүрген. Әкесі учаскелік полиция болғандықтан, лауазымы баласына әжептәуір мәртебе беретін. Міне, абыройы айрандай ақтарылып, қыз жұрттың көзінше оны жер етті. Алайда ынтық жігіт Гүлзаттың соңынан елпілдей ұмтылды. Бірақ бойжеткен оған қарамады. Сонда да басқан ізін сүзіле бағатынын ауыл адамдары аңдады.

Жылтырағанға назар бірден түсетініндей, қос бойжеткенге клуб директоры Думан да айырықша ықылас аударды. Ол ауылға бір жыл бұрын қаладан жолдамамен келген. Жасы 24-ге. Айналаға мәдениетті адам тұрғысында көрінді. Сәнді джинсы киді, батыс әуендерін тыңдады және аудандық әкімшілікпен тығыз байланысы болды. Жылпылдаған жігіт екі қызға оқуға түсуге көмектесе алатынын жиі айтты. Санду Думанның тым табандап қоймай

Сандуғаш мектеп бітіру кешінен тамаша естеліктер болсын деп, Canon A620 фотоаппаратын күні бұрын қамдады. 29-маусымда сағат кешкі жетіге қарай жұрт клубта бас қосты. Зал әртүрлі шарлармен, плакаттармен безендірілген екен. Музыка ойнап тұрды. Ата-аналар, мұғалімдер, ауыл адамдары жиылды. Айналаның бәрі мәз. Сұңғақ бойлы талдырмаш Гүлзат пен Санду әппақ көйлекпен ерекше оқшауланды. Иықтарын жапқан толқынды шаштары, мойыл



жүргенін, әзірліктен кейін екі құрбыны кабинетіне шайға шақырғанын шешесінен бүкпеді.

Мектеп бітірушілер балына бір жұмадай қалғанда Санду «Гүлзат екеуміздің жасырын жоспарымыз бар, егер бәрі дұрыс болса, жұртты қайран қалдырамыз» деді күлімдей. Бұған үй-іші аса мән бермеді, мектеп бітірушілердің кешіне әлдебір ойластырған тосынсыйлары шығар деп қорытты. Сол мезетте Гүлзат та әкесіне «біз әлдебір дәрекіні жөнге салмақпыз» деді. Бірақ кім туралы екенін, не ойластырғанын айтпады. Шаруабасты әке құр жымиды да баласынан таптіштеп сұрамады.

Қыздар бір күн бұрын ауданға барып, тігін ательесінен түлектер балына киетін көйлектерін алды. Бірдей үлгімен, әппақ матадан тігілген екен.

көздері, ақ маңдайлары көрген көзді әдемілігімен еріксіз тамсандырды.

Кеш әдеттегі сценариймен өрбіді. Аттестат тапсыратын ресми бөлім, концерт, соңында би. Көпшілік шараның өтуіне жауапты Есім сағат 9-дардың шамасында Гүлзатты биге шақыруға тырысты. Қыз сыпайы бірақ кесімді түрде бас тартты. Намыстан тұлан тұтқан ол өзінің аппаратурасына кетті де, қайыра көпшілікке жоламады. Кеш бойында Думан да Гүлзат пен Сандуды айналшықтап, іш тарта еріді. Алғаш мәрте сегіздер шамасында таянып, өзінде керемет шампан барын айтып, ресми бөлімнен кейін кабинетінде атап өтуді ұсынды. Қыздар келіспеді. Екінші мәрте директор сағат 11-лерге тақау тағы ұсыныспен келіп, қарсылыққа ұшырады. Кеш соңына қарай Санду мен Гүлзат залдан сыртқа бет алды. Олар өзара әл-

ӘРТҮРЛІ

7. «Айран Медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 220640011389) жарғылық капиталының азайтылатыны туралы хабарлайды. Талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Қонаев көшесі, 163/32-үй, 74-пәтер. Тел. +7 705 375 77 55.

12. «ASTI GROUP» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 071240012104) орналасқан мекенжайы: ҚР, Астана қаласы, Сарайшық ауданы, Ж. Нәжімеденов көшесі, 62-үй, 3-корпус, 7 тұрғын емес үй-жай, қатысушының шешімі негізінде «ASTI GROUP» ЖШС (БСН 001140004068) «ASTI» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қосылу жүйімен қайта ұйымдастыру туралы шешім қабылданғанын хабарлайды. Қайта ұйымдастыру нәтижесінде «ASTI GROUP» ЖШС-нің барлық құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құқықтық мирасқорлық тәртібімен «ASTI» ЖШС-не өтеді. Кредиторлар өз талаптарын осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша ұсынуға құқылы: ҚР, Астана қаласы, Сарайшық ауданы, Ж. Нәжімеденов көшесі, 62-үй, 3-корпус, 7 тұрғын емес үй-жай.

13. «АсТи-Проект» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 030940006918) орналасқан мекенжайы: ҚР, Астана қаласы, Сарайшық ауданы, Ж. Нәжімеденов көшесі, 62-үй, 3-корпус, 7 тұрғын емес үй-жай, жалғыз қатысушының шешімі негізінде «АсТи-Проект» ЖШС (БСН 001140004068) «ASTI» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қосу жолымен қайта ұйымдастыру туралы шешім қабылданғанын хабарлайды. Қайта ұйымдастыру нәтижесінде «АсТи-Проект» ЖШС-нің барлық құқықтары мен міндеттері, оның ішінде жүзеге асыратын қызметіне байланысты құқықтары мен міндеттері де, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құқықтық мирасқорлық тәртібімен «ASTI» ЖШС-не өтеді. Кредиторлар өз талаптарын осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша ұсынуға құқылы: ҚР, Астана қаласы, Сарайшық ауданы, Ж. Нәжімеденов көшесі, 62-үй, 3-корпус, 7 тұрғын емес үй-жай.

16. Жетісу облысы Текелі қалалық соты, Текелі қаласы Қазақстан көшесі 17-үй, 3-пәтер мекенжайында тұратын Омарұлы Тұрарбектің өтініші бойынша, 1974 жылғы 25 ақпанда Батыс Қазақстан облысының Орал қаласында туған, соңғы жұмыс орны – Талдықорған қаласы, Омаров Оралбек Тұрарбекұлын қайтыс болды деп жариялау туралы азаматтық іс қаралуда. Осыған байланысты, Омаров Оралбек Тұрарбекұлының тұрғылықты жері туралы ақпаратты бар адамдарға бұл туралы жарияланған күннен бастап үш ай мерзімде сотқа хабарлауды сұраймыз.

ТАРАТУ

3. «Ремонт Под ключ МК» ЖШС (БСН 230740018768) қатысушының 2026 жылғы 16 шілдедегі №1 шешімі негізінде серіктестікті ерікті түрде тарату рәсімінің басталғаны туралы хабарлайды. Кредиторлар өз талаптарын осы хабарлама жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша ұсына алады: 050060, ҚР, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Строительная көшесі, 2-үй, тел. +7 701 890 91 01, e-mail: maraldym02@gmail.com.

4. «НЕС Компаниясы» ЖШС (БСН 111040008694) (ҚР, Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Қазыбек би ауданы, Құрылысшылар даңғылы, 35/2-құрылыс) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Кредиторлардың талап-шағымдары хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Әлихан Бөкейхан ауданы, 018 есептік орамы, 22А-құрылыс. Тел. 8 707 123 91 89.

5. «Орталық Азия микроқаржы ұйымы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Астана қаласындағы филиалы (БСН 210941022250) (ҚР, Астана қаласы, 010017, Есіл ауданы, Сарайшық көшесі, 34-үй, 20 тұрғын емес үй-жай) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Филиалдың қызметіне байланысты талап-тілектер осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 17-үй, «Нұрлы-Тау» бизнес орталығы, 406-кеңсе, 4-қабат. Тел. +7 771 266 06 43.

6. «IT&M Kazakhstan» ЖШС (БСН 150440014846) өзінің «IT&M Kazakhstan» ЖШС филиалының (БСН 230341021623) (070603, Абай облысы, Жарма ауданы, Ақжал ауылдық округі, Жаңаөзен ауылы, Жамбыл Жабаев көшесі, 3-ғимарат) таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Самал-2 шағынауданы, 98-үй, 2-қабат, 77-кеңсе. Тел. +7 727 261 05 97, +7 701 732 16 96.

8. «Достар-Орал» пәтерлер меншік иелерінің кооперативі (БСН 091140012627) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Әлия Молдағұлова көшесі, 3-үй.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі: 8 708 929 9874, zanmedia.kz

E-mail: zanreklama@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 6410 дана
Апталық таралым 12820 дана

Тапсырыс № 105 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

14. «Eagle One» ЖШС (БСН 211140022565) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Рысқұлов 140/4. Тел. +77010299977.

15. «Эко Инженеринг» ЖШС (БСН 141140026502) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қарағанды қаласы, Қазыбек би атындағы ауданы, Терешкова көшесі, 1 В, Тел. 8 775 260 1133.

17. «Қарқаралы ауданы Қаракөл ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы әкімдігінің 2026 жылғы 15 шілдедегі № 216 қаулысына сәйкес таратылуға жатады. Кредиторлардың талаптары осы хабарлама жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Қарқаралы қаласы, Т.Әубәкіров көшесі, 23, тел. 8 (72146) 32-4-00.

МҰРАГЕРЛІК

11. 03.06.2026 ж. Екибасов Кабдуштың қайтыс болуына байланысты мұрагерлік іс қозғалды. Мұрагерлерге нотариус Сәметқызы Айнұрға келесі мекенжай бойынша хабарласуларын сұраймыз: Астана қаласы, Шоқан Уәлиханов көшесі, 5-үй, т.е.ж.3, БІІ Silk Way, 2-қабат, 9-кеңсе. Тел. +7 702 512 32 88, +7 771 898 89 95.

Қарағанды облыстық сотының судьялар ұжымы мен Қазақстан Республикасының Судьялар одағының Қарағанды облыстық филиалы Абай аудандық сотының судьясы Асылбек Рахметоллаұлы Кабитовқа әкесі Рахметолла Матыпұлының дүниеден өтуіне байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.
Қарағанды облыстық сотының судьялар ұжымы мен Қазақстан Республикасының Судьялар одағының Қарағанды облыстық филиалы Қарағанды облыстық сотының судьясы Жақсылық Хамитұлы Баймолдинға апасы Зұбайраш Хамитқызының дүниеден өтуіне байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қантарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8 (727) 51-78-31